



## **«ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ» ПӘНІ**

**№1-ДӘРІС. «Шет елдердің мемлекеті және  
құқығының пәні, әдістері»**

**Халықаралық құқық кафедрасы  
Отыншиева Айдана Айтукызы – PhD докторы**

1-дәріс. «Шет елдердің  
мемлекет және құқығының  
пәні, әдістері»


# Жоспар:

1. Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымының түсінігі және пәні, оның маңызы;
2. Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымының методологиясы және тарихнамасы;
3. Шет елдердің мемлекет және құқық тарихының заци ғылымдар жүйесіндегі орны және басқа коғамдық ғылымдармен арақатынасы.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

*Шет елдердің мемлекет және құқық тарихының пәні* – нақты елдердің мемлекеті мен құқығының нақты тарихи уақыт жағдайындағы пайда болуы мен даму тарихы. Бұл зерттеулер қатаң хронологиялық реттілікпен жүзеге асырылады.




# **Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымы зерттейтін құбылыстарға келесілер жатады:**

- **Мемлекеттілік тарихына үлкен әсер еткен елдердің мемлекеті мен құқығының пайда болуы, дамуы және қызмет етуі;**
- **Белгілі уақыт аралығында белгілі кеңістікте орын алған мемлекеттік-құқықтық процестердің мазмұны;**
- **Оларға тән себеп-салдардық байланыстар мен нақты-тарихи заңдылықтар.**

# **Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымының пәнін анықтағаннан кейін оның түсінігін қалыптастыру қажет**

- **Бұл ғылым мемлекет және құқықтың тарихы сияқты әлеуметтік құбылыстарды зерттейтіндіктен қоғамдық, яғни, гуманитарлы ғылымдардың қатарына жатады;**
- **Қоғамдық ғылымдардың ішінде өзінің саяси-құқықтық сипатына сәйкес заци ғылым болып табылады;**
- **Заци ғылымдардың ішінде шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымы тарихи-зандық ғылым болып дараланады.**

*Шет елдердің мемлекет және құқық тарихының әдістері*  
*дегеніміз* – мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың пайда болу, даму және қызмет етуінің тарихы туралы білім алуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, ережелер және қағидалардың жиынтығы.



## Шет елдердің мемлекет және құқық тарихының әдістері қолданылу шеңберіне байланысты бірнеше топқа бөлінген. Олар:

- **Жалпылама әдістер** - философиялық, сана-сезімдік тұғырға және әмбебап қағидаларға негізделген әдіс-тәсілдер. Оларға келесі әдістер жатады;
- **Жалпылама-ғылыми әдістер** - логикаға негізделген және барлық ғылымдарда қолданылатын әдістер;
- **Жеке-ғылыми әдістер** - басқа ғылымдар қалыптастырылған және мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеуде қолданылатын әдістер;
- **Жеке-құқықтық әдістер** - заци ғылымдармен қалыптастырылып, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеуде қолданылатын әдістер;
- Шет елдердің мемлекет және құқық тарихында жалпылама әдістерден көбінесе **диалектикалық-материалистік әдіс** қолданылады. Бұл әдіске сәйкес тарихи процестер даму барысында қозғалыста, өзгерісте зерттеледі. Яғни, зерттеушілер мемлекет пен құқыққа өзгеретін, дамитын құбылыс ретінде қарайды. Оған сәйкес зерттелетін құбылыстың басты элементтері анықталып, олардың өзара байланысы мен олардың мазмұны айқындалады.

# Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымының пәнін зерттеуде жалпылама-ғылыми әдістердің келесі түрлері қолданылады:

- **Анализ** – күрделі мемлекеттік-құқықтық құбылысты бөлшектеп, бөлек-бөлек зерттеуге негізделген әдіс;
- **Синтез** – құбылысты оның құрылымдық бөліктерін шартты түрде біріктіріп зерттеуге негізделген әдіс;
- **Салыстыру** – бөлек құбылыстарды бір-бірімен салыстыру арқылы зерттеуге негізделген әдіс;
- **Индукция** – құбылыстың жеке жақтарын танып, оларды жалпылау арқылы зерттеуге негізделген әдіс;
- **Дедукция** – құбылысты жалпы зерттеп, оның жеке жақтарына қорытынды беруге негізделген әдіс.

**Жеке-ғылыми әдістерден шет елдердің мемлекет және құқық тарихы ғылымында жүйелік-құрылымдық әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, кезендеу әдісі және статистикалық әдісті қолдану жүзеге асырылады.**

- **Жүйелік-құрылымдық әдіс** белгілі саяси-құқықтық құрылымдарды кешенді түрде, яғни, белгілі бір элементтердің жүйесі ретінде зерттегендеге көрініс табады. Ол элементтерді бір-бірімен тығыз байланыстағы бөлшектер ретінде, олардың ішкі және сыртқы байланыстарын саралағанды көздейді.
- **Статистикалық әдіс** арқылы шет елдерінің мемлекет және құқық тарихы ғылымының сандық жағы ашылады. Осы әдістің арқасында зандылықтарды кез-келгендейтін ажыратылады. Сандармен жұмыс құбылыстың, процестің ұзындығын, жайылу шеңберін, таралу кеңістігін анықтауға мүмкіндік береді.
- **Салыстырмалы-құқықтық әдіс** анықталған тарихи құбылысты немесе процесті оның қасиеттерін толық анықтау үшін оған ұқсас басқа құбылыстармен немесе процестермен салыстыруға негізделген.

***Кезеңдеу әдісі*** тарихи процестерді зерттеуді жөнделету үшін оларды уақыттық белгісіне сәйкес топтастыруға негізделген. Оған сәйкес белгілі уақыт аралығында орын алған процестер мен құбылыстарды бірге зерттеледі. Бұл әдістің қолданылуы нәтижесінде шет елдердің мемлекет және құқық тарихының тарихнамасы қалыптасады. Аталмыш ғылым тарихнамасы хронологиялық тәртіп бойынша төрт негізгі кезеңнен тұрады:

- **Ежелгі дүниенің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихы (б.э.д. 4 мың ж. – б.э. 5 ғ.)**  
Бұл кезеңнің өзінде екі бөлімі тармақталады: біріншіден, Ежелгі Шығыс мемлекеттері мен құқығы (Ежелгі Вавилон, Ежелгі Египет, Ежелгі Үндістан, ежелгі Қытай); екіншіден, Антика заманының мемлекеттері мен құқығы (Ежелгі Грек мемлекеттері мен Ежелгі Рим);
- **Орта ғасырлардың мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихы (5 ғ.- 17-18 ғғ.)**  
Курстың бұл бөлігінде орта ғасырларда болған тарихи процестер, сол кезеңнің тарихына үлкен әсер еткен мемлекеттер мен олардың құқықтық жүйелері қарастырылады;
- **Жаңа заманың мемлекеттік-құқықтық институттардың тарихы (17-18 ғғ. – 19 ғ.).**  
Бұл кезеңде европада басталған буржуазиялық революциялардың тарихы, оның нәтижесінде орнаған саяси режимдер мен құқықтағы өзгерістер қарастырылады;
- **Ең жаңа заманың мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихы (20-21 ғғ.)**  
Мемлекет пен құқық тарихының бұл дәуірі жиырмасыншы ғасырдан әлі күнге дейін жалғасуда.

A photograph showing a row of red leather-bound law books on a wooden shelf. The spines of the books are visible, with some showing gold-stamped text like "LAW REPORTS" and numbers like "173" and "174".

**№2-ДӘРІС. «Ежелгі Египеттің мемлекеті мен  
құқығы»**

# 2-дәріс. «Ежелгі Египеттің мемлекеті мен құқығы»

# Жоспар:

1. Ежелгі Шығыс мемлекеті мен құқығының орнауы мен дамуының ерекшелігі;
2. Ежелгі Египет мемлекеті;
3. Ежелгі Египеттің құқығы.



## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Адамзат тарихында мемлекет пен құқықтың пайда болуы ұзак уақытқа созылған, күрделі, кешенді процес болды. Б.Э.д. IV-І мыңжылдықтарда Таяу Шығыста, кейін Солтүстік Үндістан, Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азияда алғашқы мемлекеттер құрылды. Олардың құрылуы мен дамуының кезеңдері:

- **Номдық мемлекеттер кезеңі**, яғни, рулық, тайпалық қатынастардан енді босап жатқан қауымдардың әкімшілік-шаруашылық бірлестіктері – номдардың құрылу кезеңі. Номдарға мемлекеттің кейбір белгілері тән болғанымен, оларды жеке мемлекеттер деп айта алмаймыз;
- **Мемлекеттік орталықтану кезеңі**, яғни, орталық басқару органдарының, сот жүйесінің, әскердің, қаржы органдарының пайда болуына байланысты біртұтас орталықтанған мемлекеттердің құрылу кезеңі. Аталмыш кезеңде аумак, халық, мемлекеттік аппарат және салық жүйесі сияқты мемлекеттің міндетті белгілері қалыптасты. Сонымен бірге, мемлекетке дейінгі кезеңде негізгі қоғамдық реттеуші болған әлеуметтік нормалардың негізінде құқық пайда бола бастады;
- **Империя-мемлекеттердің кезеңі**, яғни, үлken аумақты қамтитын, билігі бір адамның қолында шоғырланған империялардың пайда болу кезеңі. Осы кезеңде қауымдардың билігі әлсіреп, олар орталық билікке қатысты тәуелсіздігінен айрылды. Қауымдық бөліністің орнын аумақтық бөлініс жүйесі басты.

# Ежелгі Шығыс мемлекеттеріне келесі белгілер тән:

- **Ежелгі Шығыс мемлекеттері негізінен ірі өзендердің алқаптарында пайда болды.** Мысалы Вавилон Тигр және Ефрат өзендерінің арасында, Египет Ніл өзенінің жағасында, Үндістан Ганг және Инд өзендерінің арасында, Қытай – Хуанхэ және Янзы өзендерінің. Аталмыш құбылыстың себебі еңбек қарулары нашар дамығандығы жағдайында халық негізінен аң мен балыққа және қорекке келетін өсімдіктерге бай өзен мандарын мекендеген;
- **Мемлекеттің үйымдастыруыш-шаруашылық функциясы басты болды.** Өзен алқаптарында шаруашылық, яғни, егіншілік жүргізу көп еңбек ресурстарын қажет ететін жұмыстарды (каналдар қазу, қала бекіністерін салу) жүзеге асыруды қажет етті. Сол себепті бұндай жұмыстарды үйымдастыру тек мемлекетке ғана жүктелді. Ол өзінің мәжбүрлеу күшінің арқасында аталмыш жұмыстарға халықтың көп бөлігін жұмылдырыды;
- **Жер негізінен мемлекеттік менишікте болды.** Жерге және басқа да экономикалық маңызды құралдарға қатысты мемлекеттік менишік басымдыққа ие болды. Себебі мемлекетке жүктелген функциялар көп жер және еңбек ресурстарын қажет етті;
- **Ежелгі Шығыс мемлекеттері құлиеленушілік сипатта болды.** Ежелгі Шығыс мемлекеттерінде әскери жорықтарда қолға түсken немесе басқа жолдармен бас бостандығынан айырылған құлдардың еңбегі кең қолданылды;
- **Құлдардың басым көшилігі мемлекеттік менишікте болды, яғни, мемлекет ең ірі құл иеленуші болды.** Оған себеп мемлекет атқаратын шаруашылық және экономикалық функциялардың арзан әрі көп еңбек ресурстарын талап етуі;
- Ежелгі Шығыс мемлекеттерінің ел басшыларының билігі Құдайдан берілгендейгіне негізделді және **шексіз сипатқа** ие болды. Билікті жүзеге асырудың бұл нысаны **«Шығыстық деспотия»** деп аталды. Мемлекетте билік бір ғана адамның қолында болды, ол Құдайдың жердегі өкілі, баласы ретінде қарастырылды.

Египетте мемлекеттің пайда болуы **б.э.д. 5 мыңжылдықта** рұлық құрылымның ыдырап, құлдықтың пайда болуына байланысты орын алған процес.

Ежелгі Египет мемлекетінің пайда болуы және дамуының тарихы келесі дәуірлерге бөлінеді:

- **Ертедегі патшалық (б.э.д. 3110 - б.э.д. 2800)** кезеңінде Египетте алғашқы мемлекет құрылды, Менес патша бірінші патшалардың әuletінің негізін салды. Онтүстік Египеттік номдардың одағы Солтүстік Египеттің номдарының одағы арасында болған соғыстың нәтижесінде онтүстікілер жеңіп ортақ мемлекет құрылды. Ең бірінші астанасы Тинис қаласы болды. Мемлекет пайда болғанға дейін Египет бір-біріне тәуелсіз өз аумағы, басқару аппараты бар 40 номдан тұрды. Осы кезеңнің аяғында Номтиニс патшаның басқаруымен Египет аумағында мемлекеттің орталықтануы басталды. Астана Мемфис қаласына көшірілді;
- **Ежелгі патшалық (б.э.д. 2800 – б.э.д. 2550)** кезеңінде мемлекеттің бірігуі аяқталды, темір өндіріле бастады және пирамidalар салынды;
- **Бірінші отпелі кезең (б.э.д. 2160 – б.э.д. 2134)** кезеңінде Египет мемлекетінде құлдырау басталды, елді Гикосостар басып алды;
- **Орталық патшалық (б.э.д. 2050 – б.э.д. 1700)** кезеңінде билікті қолына алған гикосостар астананы Фива қаласына көшірді;
- **Екінші отпелі кезең (б.э.д. 1700 – б.э.д. 1530)** Египетте экономикалық-саяси дағдарыс орын алды;
- **Жаңа патшалық (б.э.д. 2575 – б.э.д. 1087)**. Билікке келген I Яхмостиң Басқаруы кезінде Египет ірі, әрі күшті империяға айналды. Аталмыш кезеңнің аяғында Етипет мемлекетінде құлдырау басталды. Алғашында оны парсылар бағындырыды, кейін Александр Македонскийдің империясының құрамына кірді, ал б.э.д. 30 жылдары Рим империясының отарына айналды.

# Египеттің мемлекеттік құрылышы:

- Ежелгі Египетте басқа да Ерте Шығыс мемлекеттеріндегідей басқару нысаны Шығыстық деспотия сипатында болды.  
Билік толығымен перғауынның қолында болды. Ол мемлекет басшысы болумен қатар Күн құдайының баласы, жердегі жаршысы деп саналды. Сонымен бірге, ол сот әділдігін жүзеге асырды. Яғни, перғауында жоғарғы әкімшілік, соттық, әскери және діни билік болды.
- Үәзір мемлекетте перғауыннан кейінгі екінши адам болды. Ол перғауын атынан мемлекетті басқарды, сотты жүзеге асырды және әскери қолбасшылықты жүзеге асырды.
- Перғауынның улken бюрократиялық аппараты болды. Оған орталық басқару ведомствалары, жергілікті жердегі номдарды басқаратын номархтар және перғауын сарайындағы арнайы шенеуліктер кірді. Коғамдық жұмыстарды басқаратын, әскери және салық жинаумен айналысатын үш ведомство болды. Мемлекеттік аппараттағы лауазымдардың көбісін перғауын туыскандары иеленді.

# Египеттің қоғамдық құрылышы:

Ежелгі египет қоғамы алатын орнына қарай негізгі уи топтан құралды:

- **Жоғарғы топ.** Бұл топқа перғауын, абыздар, шенеуліктер және әскербасылар жатты. Сонымен бірге Египет қоғамының жоғарғы сатысына ру аксүйектерінен шыққан аристократия және жазбашылар да жатты.
- **Орта топ.** Бұл топты негізінен басы бос шаруалар мен қолөнершілерден тұрды. Нактылап айтатын болсак, бұл топ келесі кішігірім топтарға бөлінеді:

*Басы бос шаруалар.* Олардың өзі мемлекеттік жерде және рента төлеп тұратын және шенеуліктер мен жауынгерлердің жерінде тұратын шаруаларға бөлінді.

Негізінен мемлекеттік кен орындарында жұмыс жасайтын қолөнершілер.

- **Төменгі топ.** Әлеуметтік сатының ең төменгі тобына құлдар жатты.

# Құлдар өзінің иелеріне байланысты үш топқа болінді:

- Мемлекеттік құлдар.


Олар негізінен қоғамдық  
жұмыстарды басқаратын  
ведомствоның иелігінде болды;

- Храмдардағы құлдар.

Олар храмдарда және оларға тиесілі  
жерлерде жұмыс істеді;

- Жеке менишік құлдар.

Олардың саны аз болды.



# Ежелгі Египетте қалыптасқан құқықтық жүйенің бірнеше ерекшеліктері болды:


- *Ежелгі Египет құқығының негізгі қайнар-көзі әдет-ғұрыптар болды.* Мемлекет дамуының алғашқы кезеңінде қоғамдық қатынастарды реттеушінің рөлін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар орнады. Мемлекеттік мәжбүрлеуге ие болған олар міндettі нормаларға айналды;
- *Ежелгі Египет құқығы дінмен тығыз байланыста болды,* себебі құқықты құдай орнатады деп саналды. Египеттіктер әлемдегі тәртіпті және адамдардың мінез-құлқын Күн Құдайы Ра орнатады деп ойлады. Құдайдың ойын оның ұлы перғауын ғана біледі және ол ғана түсінетіндігі насиҳатталды;
- Мемлекет дамыған сайын құқық қайнар-көздерінің ішінде *перғауынның заң шығарушылық қызметі басымдыққа ие бола бастады.* Түрлі облыста түрлі сипатқа ие болған әдет-ғұрып құқығының нормаларын перғауындар жүйелендірді. Мысалы алғашқы заңдар жинағын алғашқы перғауын Менес құрастырган. Ол қылмыстық құқықтық сипатқа ие болды. Оның мұрагерлері Сасихисус перғауын дінгі қатысты заңды, ал Бокхорис перғауын қаржы және сауда кодексін құрастырды және Амасис перғауын жергілікті басқаруды реттейтін заңдар жинағын шығарды;
- *Египет құқығы дамудың төмен деңгейінде болды,* себебі онда нормалардың өзара қарсылығы, қоғамдық қатынастарды реттеудегі ақаулықтар және құқықтың салаларға бөлінбеуі сияқты белгілері болды;
- *Ежелгі Египет құқығы таптық сипатта болды,* себебі ол түрлі қatal қорқытулар мен жазалар арқылы экономикалық ұstem таптың жағдайы мен мүлкін қорғауға тырысты.

# Мұліктік құқық

- Қауымдық қатынастардың мықтылығынан жеке меншіктік және мәмілелік құқықтық қатынастар әлсіз дамыды.

## Мұлік екі топқа бөлінді:

- **Козғалатын мұлік**  
(кулдар, мал, еңбек қуралдары)
- **Козғалмайтын мұлік**  
(жер, ғимараттар).



# Міндеттемелік құқық

Міндеттемелер екі жолмен пайда болды.

- Бірінші жағдайда **келісім-шарттардан туындаитын міндеттемелер**.
- Екіншіден **деликтілерден**, яғни, **құқық бұзушылықтардын туындаитын міндеттемелер**.

Келісім-шарттардың жарамдылығына көп көңіл бөлінді. Қозғалмайтын мүлікке қатысты келісім-шарттар жазбаша нысанда, екі тараптардың келісімімен, куәгерлердің қол қоюымен жасалды және сатып алушының жариялы түрде өз меншік құқығына кіруімен аяқталды.

***Келісім-шарттардың картызга алу, жалға алу, сактау және серіктестік сияқты турлері болды.***

# Неке-отбасы құқығы

- Ер мен әйелдің тең құқылышына негізделді.
- Некеге тұру алдын-ала әйелі мен күйеуі құқықтары мен міндеттерін белгілеп алатын келісім-шарт жасау деп саналды.
- Әйелдердің мэртебесі өте жоғары болды. Әйелдер ажырасуға, мұрагер болу, сотта талапкер және жауапкер болу құқығына ие болды. Әрине, Ежелгі Египетте моногамия болғанымен перғауын мен шонжарларға жеңілдік жасалды. Әдетте, перғауында бірінші әйелі египеттік болуы тиіс еді, сонымен бірге оған бірнеше әйел және күң иелену құқығы берілді. Бірінші әйелі өзінің туған қарындасы немесе апасы болуы тиіс еді.

# Мұрагерлік құқығы

- › Мұрагерлік зан бойынша немесе өсиет бойынша жүзеге асырылды.
- › Зан бойынша мұрагерлікке сәйкес барлық мұлік майорат қагидасына сай үлкен ұлға өтеді. Алайда басқа балаларға мұлікті қалдыру үшін жазабаша нысандалған шенеулікпен тіркелген өсиет қажет. Балалары болмаған жағдайда мұлік әйеліне өтті.

# Қылмыстық құқық

Ежелгі Египет құқығында қылмыстық құқық едәуір дамыған сала болды. Оның мәні қатал жаза арқылы қайталап қылмыс жасаудан сақтау болып табылады.

**Барлық қылмыстар қол сұғу объектілеріне байланысты келесі топтарға бөлінді:**

- **Мемлекеттік қылмыстар:** опасыздық, төңкеріс, мемлекеттік құпияны жариялау;
- **Діни қылмыстар:** сиқырлық, мысық және үкі сияқты қасиетті андарды өлтіру;
- **Тұлғага қарсы қылмыстар:** адам өлтіру, зақым келтіру;
- **Муліктік қылмыстар:** үрлық, алдал өлшеу;
- **Ар-намысқа және абырайға қарсы қылмыстар:** зорлау, көзіне шөп салу.



# Сот процесі

- › Азаматтық және қылмыстық процес бірдей жүзеге асырылды және айыптаушылық сипатка ие болды. Процесс жәбірленушінің арызы бойынша басталды.
- › Тараптар сот отырысына шақырылды, онда олар бір-біріне қарама-қарсы тұрды және өз сөздерінің дұрыстығын дәлелдеу үшін айғактар келтірді. Осыдан кейін уәзір шешім шығарды.




**№3-ДӘРІС. «Шумер-Вавилон өркениетінің  
мемлекеті мен құқығы»**

3-дәріс. «Шумер-Вавилон  
өркениетінің мемлекеті мен  
құқығы»

# Жоспар:

- 1. Мемлекеттіліктің пайда болуы;**
- 2. Месопатамия мемлекетінің пайда болуы;**
- 3. Мемлекеттің жоғарғы органдары: фараон, уәзір, орталық мекемелер;**
- 4. Мемлекеттік, қоғамдық құрылышы;**
- 5. Хаммурапи зандары.**



## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

# Ежелгі Вавилон мемлекеті тарихын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- *Ескі Вавилон патшалығының кезеңі.* Бұл кезеңдегі Вавилонның өркендеуі вавилон әuletінің алтыншы патшасы Хаммурапидің билігімен байланыстырылады (**б.э.д. 1792-б.э.д. 1750 жж.**). Ол өзен аралығының басым бөлігін қамтитын ортақ мемлекет құрды. Оның билігінің кезеңінде ирригациялық жүйе одан әрі дамытылды. Ақша-тауар, сауда және қолөнердің дамуы әлеуметтік бөлінісі айқын қоғамдық құрылыш орнады. Ол Хаммурапидің зандар жинағында бекітілді. Алайда сол заманда аталмыш аумақтағы саяси гегемонға айналған Ассирия мемлекетінің тегеурінімен Вавилон мемлекеті өмірін тоқтатты.
- *Жаңа Вавилон патшалығының кезеңі (б.э.д.605-б.э.д.539 жж.).* Вавилонның бұл кезеңде көтерілуі Ассирия патшалығының құлдырауымен байланыстырады. Осы кезеңнің аяғында Вавилон мемлекеті парсылардан жеңіліп Ахеменидтер державасының құрамына кірді.

# Коғамдық кұрылсы:

Ежелгі Вавилон халқы екі негізгі топқа бөлінді:

- ❖ *Еріктілер*. Оларды *авилум* деп атады.
- ❖ *Құлдар*. Оларды *вардум* деп атады.

Вавилонның ерікті халқының өзі әлеуметтік жағынан біртекті болмады, оған ірі жер иелері, сауда агенттері – *тамкарлар* және патша жасақшылары сияқты құл иеленушілер мен шаруалар және қолөнершілер сияқты ұсак өндірушілерден тұрды.

# Ерікті халық құқықтар мен міндеттердің мөлшеріне сәйкес екі топқа бөлінді:

- **Тең құқылы азаматтар.** Олардың мұлкі, жер участкесі болды және олардың мемлекетке қатысты құқықтары мен міндеттері бекітілген болды.
- **Тең құқылы емес мушкенумдер.** Олар ерікті болғанымен, олар патшаға қатысты экономикалық тәуелді болды және патша шаруашылығында жұмыс істеді. Сонымен бірге, олардың жеке мұлкі және құлдары болды. Кейбір ғалымдар оларды еркіндікке жіберілген құлдар деп санаса, енді біреулер оларды вавилондықтар басып алған қалалар мен мемлекеттердің тұрғындары деп санады.

Вавилон қоғамының төменгі табын вардум деп аталған құлдар құрады. Олар ерікті халықтан сыртқы түрі бойынша да айырмашылығы болды. *Олардың кеудесінде арнайы жазуы бар тақташалар, ерекше шашты жатқызу, денесіндегі күйдірілген белгі және құлақтары месілген* болды. Құлдықтың қайнар-көздері:

- Соғыстар;
- Тайпаның ішіндегі таптарға бөлінудің нәтижесіндегі бір бөлігінің қанауға ұшырауы;
- Балаларын құлдыққа сатуға ие болған әкелердің билігі;
- Қылмыс үшін құлға айналдыру;
- Құлдан туу;
- Қарыздар үшін өзін-өзі құлдыққа сату.

# Мемлекеттік құрылышы:

- Вавилон орталықтанған Шығыстық деспотиялық мемлекет болды. Мемлекетті патша басқарды. Ол заңшығару, атқару, сот және діни билігін иеленді. Мемлекетті басқару кең тармақталған бюрократиялық аппарат арқылы жүзеге асырды. Басқару жүйесі сарайлық болды, себебі патша сарайын басқаратын лауазымды тұлғалар сонымен қатар жоғары мемлекеттік лауазымдарды иеленді.
- Мемлекеттік механизмнің ортасында Нубанда тұрды. Ол патшаның он қолы болды. Ол қаржылық-салықтық, сот, әскери және қоғамдық жұмыстардың ведомстваларының жұмысын басқарды.
- Сот әділдігін алғашқы кезенде храм соттары, қауым соттары және қалалардағы квартал соттары жүзеге асырды. Кейін олардың функцияларын патша соты алмастырды.
- Патшаның тұрақты әскері болды. Ол ауыр қаруланған және жеңіл қаруланған отрядтардан құралды. Жауынгерлар өз қызметі үшін бау-бақшасы, үйі бар жер учаскесін және малды меншікке алды.
- Ел аумағы патша шенеуліктері – шакканаккүмдармен басқарылатын облыстарға бөлінді. Олар салық жинауды, тәртіпті қамтамасыз етуді және жасақ жинауды басқарды. Кауымдарды патша тағайындаған рабианұмдар басқарды.

- Вавилон патшасы **Хаммурапидің заңдар жинағы** Ежелгі Шығыс құқығының ең ірі құқық кодификациясы болып табылады. Заң жинағының мәтіні қара **базальттік стеллада қашалған**. Жоғарғы жағында Вавилондықтардың Күн Құдайы **Шамаитың** алдында тізе бүгіп тұрған Хаммурапи патшаның суреті салынған.
- **Хаммурапи заңдары үш бөліктен тұрады:**
  - ❖ **Kіріспе.** Бұнда Хаммурапи патша билігімен аталмыш заңдардың Құдайдан берілгендейтінде және қасиеттілігі жазылған.
  - ❖ **Негізігі бөлім.** Бұл бөлім қоғамдық қатынастардың түрлі салаларын реттейтін 282 баптан тұрады.
  - ❖ **Корытынды.** Бұнда заңның мақсаты мен міндеттері, оны орындаудың маңыздылығы жазылған, сонымен бірге, Хаммурапи патшаның өзінен кейін ел билейтіндерге қалдырған өсиеті қашалған.

# **Хаммурапи патшаның зандар жинағы келесі қайнар-көздерге негізделді:**

- **Әдет-ғұрып құқығы;**
- **Сот практикасы;**
- **Хаммурапиғе дейінгі заңнама.** Мысалы Ур-Наму патшаның зандары және Билалама патшаның зандар жинағы;
- **Діни нормалар;**
- **Хаммурапидің жарлықтары.**

# Мұліктік құқық

- Мұліктік қатынастарда орталық орынды меншік институты алды. Мал, құлдар сияқты қозғалмалы мұлікке қатысты жеке меншік бекітілген, ал жер үшін жеке меншік болған жоқ. Себебі жерді Құдайдың сыйлығы деп санаған, сол себепті ол тек қауымның ұжымдық меншігінде болды.
- Міндеттемелік құқық. Ежелгі Вавилонда қарыз алу, айырбастау, Сату-сатып алу, сактау, тасымалдау және серіктестік келісім-шарттары кең қолданылды.
- Келісім-шарттың жарамдылық талаптары:
- Жазбаша нысан;
- Күдгерлердің болуы;
- Ант беру;
- Сатушының менишік құқығының болуы;
- Менишіктің азаматтық айналымда болуы.



№4-ДӘРІС. «Ежелгі Үндістанның мемлекеті мен  
құқығы»

# 4-дәріс. «Ежелгі Үндістанның мемлекеті мен құқығы»

# Жоспар:

1. Ежелгі Үндістанда мемлекетінің орнауы мен дамуы.
2. Ежелгі Үндістанның коғамдық кұрылышы және мемлекеттік кұрылышы.
3. Ежелгі Үндістанның құқығы.  
Ману зандары.



## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

# Ежелгі Үндістан мемлекетінің кезеңдері:

- **Б.э.д. III-II мыңжылдықтың басында** ғалымдарға әлі беймәлім тайпалар **Инд өзенінің алқабында** Үндістан аумағындағы **алгашиқы өркениет** ошақтарын құрды. Бұл өркениеттер қалалық сипатта болғаны анықталды. Олардың **орталығы Мохеджо-Даро, Хараппа** қалалары болды. Сол себепті Үндістан аумағындағы мемлекеттіліктің дамуының аталмыш кезеңі **Хараптық кезең** деп аталады. Бұл кезеңде рулық қауымның ыдырау процесінің басталып, әлеуметтік жіктелудің жүргені біз үшін аян. Алайда бұл тайпалардың одан әрі дамуы б.э.д. II мыңжылдықта үзілді.
- **Б.э.д. II мыңжылдықта** Ежелгі Үндістан аумағына Иранның таулы аймақтары мен Каспий жағалауының **индоарийлік тайпалары** басып кірді. Олар өзімен бірге жаңа мәдениет, жаңа өркениетті ала келді. Алайда Ежелгі Үндістан б.э.д. XVI-VI ғғ. аралығындағы тарихынан біз бейхабармыз. Себебі ол дәуірден бізге индоарийлардің **қасиетті кітаптары – ведалардан** басқа ешқандай мәліметтер жеткен жоқ. Ведалар дегеніміз жартылай көшпелі арий тайпаларының сана-сезімін, дүниетанымын көрсететін діни әнұрандардың, құрбандық және сиқырлы формулалардың және ритуалдардың сипаттамаларының жиынтығы. Сол себепті Үндістан дамуының аталмыш кезеңі **Ведалық кезең** деп аталады. Осы кезеңде Үндістанда мемлекет құрылуының барлық алғышарттары қалыптасқан болатын. Алайда орталықтанудың орнына ішкі талас-тартыстың нәтижесінде бытыраңқылық орын алды. Ведалық кезеңнің аяғында сол аймақта **16 протомемлекеттің** болғаны белгілі. Олар бір-біріне тәуелсіз, көп жағадайда бәсекелес құрылымдар болды.

- **Б.э.д. IV ғасырда** көптеген ұсак протомемлекеттік құрылымдардың арасында орталығы **Магадха қаласы** болып табылатын **протомемлекет** күшіне бастады. Ол қалған көршілерін біріктіріп мемлекет нысанындағы держава құрады. Бұл мемлекеттің тұнғыш әuletі Нандылар мемлекеттің орталықтану процесін қарқындасты. Оларға жаңадан тарап жатқан буддизм де өз септігін тигізді. Соның нәтижесінде Магадх державасы саны жоқ әскерінің арқасында **Александр Македонскийдің шабуылына тойтарыс берді.**
- **Б.э.д. IV ғасырды** Магадха мемлекетінде билікке жаңа әulet – **Маурілер** әuletі келді. Оның негізін **I Чандрагуптра** қалады. Олардың басқару кезінде, әсіресе осы әuletтен шыққан атақты Ашок патшаның кезінде Магадх мемлекеті өз билігін Үндістанның басым бөлігіне таратты. Осы дәуірде Үндістан мемлекеті қуаты алыс елдердің өзіне белгілі орталықтан монархияға айналды. Осыған сәйкес Ежелгі Үндістанның мемлекеттік-құқықтық дамуының аталмыш кезеңі **Магадх-маурий кезеңі** деп аталады.
- Ашок патшаның мұрагерлері мемлекет біртұтастығынан айрылып билікті жоғалтты. **II ғасырдың аяғында Солтустік Үндістанга грек-бактрий тайпаларының шабуылы басталды.** Шабуыл мемлекеттің орталықсыздануына жағдай жасады. Кезінде мықты державалардың бірі болған мемлекет ондаған **ұсак державаларға бөлініп кетті.**

# **Ежелгі Үндістанда мемлекет пен құқықтың қалыптасу тарихы басқа Ежелгі Шығыс елдеріне ұқсас болғанымен бірқатар ерекшеліктерге ие:**

- Ежелгі Үндістанда мемлекеттік және құқықтық институттардың пайда болып дамуына дін басты әсер етті. Үндістанда үш мыңнан астам діндер бар. Үндістанда индуизм, брахманизм, джайнизм және әлемдік діндердің бірі – буддизм қалыптасты. Эрбір үндіс үшін міндетті нормаларға бағынып, оларды орындау діни міндет – дхарма болып табылды. Оны бұзған үшін қатал жаза белгіленген. Осында қалыптасқан жағдайды билеуші топтар да мемлекеттілік билікті нығайту үшін қолданды. Олар да мемлекет пен діннің тығыз байланысын насиҳаттады.
- Ежелгі Үндістанның мемлекеттік-құқықтық тарихында толық орталықтанған мемлекеттер болмаған. Негізінен Үндістан тарихы гегемон-мемлекеттермен байланысты. Олар дамуының шарықтау шегіне жетіп басқа мемлекеттерді өзіне бағындырып, кейін құлдырауға ұшырап отырды. Олардың орнын жаңа гегемон-мемлекет басты. Деспотиялық сипаттағы мықты орталықтан мемлекет құруға деген қажеттіліктің болуын екі фактордың әсері арқылы түсіндіруге болады. Біріншіден, үнділердің қауымы өзіндік дербес әрі мықты үйим боды. Ол мемлекет ішінде натуралды шаруашылықтың барлық түрлерін жүргізгендіктен автономды өмір сүрді. Екіншіден, ежелгі Үндістанда қоғамды нақты жіктелген әлеуметтік-құқықтық топтарға бөліп тастаған варна-касталық жүйе орнады. Касталық конформизм мықты орталықтан мемлекетті қажет етпеді.
- Ежелгі Үндістанның мемлекеттік құрылышы Шығыстық деспотиялық сипатта болғанымен, басқа Шығыс елдерімен салыстырғанда өзінің шектелгендейгімен және әлсіздігімен сипатталады. Біріншіден, патшаның қолында шексіз заңшығару билігі болған жоқ. Мысалы Маурийлердің басқару кезеңінің өзінде заң шығаруда алқалық органдар: патшаның жаңындағы кеңестік орган – раджасабха және шенеуліктердің кеңесі – мантрипаришаадтың маңызы жоғары болды. Сонымен бірге, Ежелгі Үндістанда монархиялық басқару нысанымен қатар республикалар да орын алды. Мысалы, Маурилер державасының құрамында жартылай автономды ған және санх республика-мемлекеттер болды.
- Саяси-құқықтық дамудағы діннің бастапқы ықпалы қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтың қосымша рөліне себеп болды. Қылмыс жасау, мәмілелер жасау сияқты қоғамдық қатынастар діни міндеттерді орындау сипатынан қарастырылды. Кұқықтың қосалқы орынды иеленуі - орталықтанған мемлекеттің қалыптаспауының себептерінің бірі.

# Қоғамдық құрылышы:

- Ежелгі Үндістанның қоғамдық құрылымының ерекшелігі ондағы варналық-касталық жүйенің орнауы. Бұл жүйе Солтүстік Үндістанға индоарий тайпаларының басып кіруімен байланыстырады. Бұл жүйеге сәйкес тұлғаның қоғамдық мәртебесі оның әлеуметтік тууына және варналық қатыстылығына байланысты анықталады. Аталмыш жүйеге сәйкес төрт негізгі варна (санскриттеден аударғанда «қаптама, түсі» деген мағына береді.) бар. Үнділер оларды джами деп атайды, ал европалықтар каста дейді.
- Адамның қай кастаға жататындығы оның тууымен анықталған және мұрагерлікпен аударылған. Әрбір кастаның өкілдері ұрпақтан-ұрпаққа бір ғана мамандықпен айналысты, бір құдайларға ғана сенді, бір-біріне қатысты және басқа каста өкілдеріне қатысты талаптарды қatal орындалап тұрды.

- Касталардың пайда болуы «Ригведа» деп аталатын веданың әнұрандарының бірі – Пурушу әнұранында сипатталған. Онда варналық әлеуметтік теңсіздік жүйенің әділдігі туралы айтылады. Оған сәйкес барлық касталар әлемдегі алғашқы адам Пурушадан пайда болған. Оның аузынан брахмандар, колдарынан – кишатрилер, сандарынан – вайшилер, ал табандарынан шудралар жаралған. Алғашқы үш каста екі рет туылғандар деп аталды, ал шудралар бір рет туылғандар деп аталды. Оның себебі алғашқы үш кастада туған ұл балаларға жас кезінде упанаяна жоралғысы жасалған, яғни, олар қайта туылған деп саналған.
- Сонымен біргі касталық жүйе дінмен де бекітілген. Себебі адамның денесі табиғаттың бір бөлігі болып табылады, ал оның жаны мәңгілік және ешқашан өлмейді. Olsen бір денеден екінші денеге ауысады. Оның қай кастада туылуы бұрынғы өміріндегі күнәлеріне немесе жақсылықтарына байланысты. Егер ол өмірі барысында өзінің касталық тобына тиісті талаптарды толық орында маса, келесі өмірінде төмен касталардың бірінде туады. Ал егер дхармалардың барлығын дұрыс орында са, жоғары касталарда та алады, яғни, жоғарғы касталардың бірінде туу адамның бұрынғы өмірінде барлық діни талаптар мен касталық міндеттерін дұрыс орындағандығын көрсеткен.
- Эрбір варнаның өкілдері олардың әлеуметтік мәртебесіне сәйкес шұғылданатын шаруашылық түрлері катал анықталған, оларға өзіндік түсі де болды. Бір кастадан екінші кастаға өтуге тыым салынған.

Үнді қоғамында касталардан тыс құлдар болды. Ежелгі Үндістанда *құлдардың мәртебесі Ману зандарында бекітілген*. Олардың құқық қабілеттілігі болмағанмен, отбасы құруға, сыйлықтарға қатысты меншік құқығын иеленуге, мұрагер болуға және мұлік иелену құқықтары болды.


*Құл балаларды әке-ишелерінсіз сатуға тым салынған.* Ману зандарында құлдықтың жеті қайнар-көзі қарастырылған:

- **Әскери тұтқындық;**
- **Асырау үшін құлға айналған;**
- **Құл болып туылған;**
- **Мұрагерлікпен откен;**
- **Сатып алынған;**
- **Сыйлыққа келген;**
- **Қылмыс үшін құлға айналдырылған.**

Маурилердің империясы Шығыстық деспотия сипатындағы орталықтанған мемлекет болды. Мемлекетті патша биледі. Оның билігі Құдаймен байланыстырылып қасиеттендірілді, алайда шексіз болған жок. Себебі патша билігі аристократияның мықтылығымен, қалыптасқан дәстүрлермен және ауыл қауымының дербестігімен шектелді. Соған қарамастан патшаға кең уәкілеттіктер берілген. Ол ерекше дхарманы жүзеге асыруға міндетті болды:

- халықты қорғай отырып, бағыныштыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- заңыгаруши билікті иеленді, оның атынан зандар шығарылды;
- халықтан салық жинады;
- брахмандар алқасымен сом әділдігін жүзеге асырды;
- жоғарғы мемлекеттік шенеуліктерді тағайындауды және орнынан алды;
- тұрақты әскердің бас қолбасшысы болды;
- ирригациялық құрылыштар мен қоғамдық жұмыстарды үйымдастыруды;
- жетім-жесірлерді камкорлыққа алды.

- ❖ Экономикалық жағдайы мен мәдени дамуы әртүрлі халықтарды біріктірген империяны патша тек **тармақталған бюрократиялық аппарат** арқылы ғана басқара алды.
  - ❖ Үндістанда оны жоғарғы лауазымды тұлғалар – **мантриптар** басқарды. Мемлекетті басқаруда жоғарғы шенеуліктердің патша жанындағы кеңесі – **мантрипаришад** үлкен рөл атқарды.
- ❖ Оның құрамына **әскери** және **діни шонжарлар** кірді. Сонымен бірге, шонжарлармен қатар ауыл және қала тұрғындары да кіретін орган – **раджа-сабх** та мемлекетті басқаруға араласты.
- ❖ Орталық басқару ведомствалар арқылы жүзеге асырылды. Оларға **әскери, қаржы, салық және сот ведомствалары** кірді. Бюрократиялық аппараттың қызметін патшаның арнайы бақылау ведомствалары жүзеге асырды: **патшаның қупия агенттері, жансыздар.**



- Ежелгі Үндістан құқықтық жүйесінің қалыптасуына діни нормалармен қатар зайырлы нормалар да ықпал етті. Діни құқықтық бағытты брахмандардың мектептерімен дамытылды және дхармашastrалар – дхармалар туралы кітаптардың нысанында болды. Дхармашastrалар дегеніміз - әрбір үндіске өзінің дхармасына, діни борышына, варнада, руында, қауымында қабылданған салтқа көнуге міндет тағатын dіни-этикалық, ритуалдардың, құқықтық бекіттулердің жинақтары.
- Діни құқықтың ең ірі кодификациясы болып Ману зандары атты дхармашастра табылады. Оны күн Құдайы Сурьяның ұлдарының бірі – Ману Вайвасвата жасады делінген. Ману зандары екі ауыз өлеңмен жазылған 12 тарау 2685 баптан тұрады. Ману зандарының қайнар-көздеріне ведалар, шритилер, мақұлданған әдем-гүрып және ақылга сыйымдылар кіреді. Ману зандарына келесі белгілер тән: казуалдылығы, құқықтың сословиелік сипаты, варналық жүйені бекітуге бағытталуы, құқықтық формализм, құқық салаларына бөлінбеу.

# Мұліктік құқық

Мұліктік-құқықтық қатынастардың объектісі қозғалатын (мал, еңбек күралдары, құлдар) қозғалмайтын (үй, бақ, суару құрылымдары, су орындары) мұлік болды. Меншіктің қауымдық, патшалық және жеке түрлері қалыптасқан. Жолдар, ирригациялық құрылымдар және жайылымдар қауымдық менишікте болды.

*Ману заңдарында менишік құқығын алудың жеті жолын көрсетеді:*

- **Мұрагерлікпен алу;**
- **Сыйға алу немесе олжа;**
- **Сатып алу,**
- **Жаулап алу;**
- **Пайызға қарыз беру арқылы алу;**
- **Жұмысты атқару арқылы ула;**
- **Садақа ретінде алу.**

# Міндеттемелік құқық

Міндеттемелер келісім-шарттан және деликтіден пайда болған. Ману зандарында келісім-шарттың қарыз алу, жалға алу, сату-сатып алу, сақтау сияқты және т.б. түрлері көзделген. Сонымен бірге келісім-шарттың жарамдылығы (жазбаша нысан, күәгерлер, меншік иесі атағының болуы, тұрғылықты орны, руы, кастасы) және келісім-шарттың орындалу кепілдері (кеңілпұл, кепіл болу) мәселелері қарастырылған. ***Келісім-шарт жарамсыз деп танылды егер ол:***

- **Ақыл-есі кем адаммен жасалса;**
- **Қарт адаммен жасалса;**
- **Ашу немесе қайғы жағдайындағы есінен танған адаммен жасалса;**
- **Құпия жасалса;**
- **Алдау арқылы жасалса;**
- **Күәгерлерсіз жасалса.**

# Неке-отбасы құқығы

- Ежелгі Үндістан құқығының бұл саласы Ману зандарымен толық реттелген. Бірнеше ұрпақтан тұратын патриархалды жануя Ежелгі Үнді қоғамының бастапқы сатысы болды. Жануяның басында барлық мұлікті және істерді басқаратын, әйелі мен балаларына қатысты шексіз билікке ие әке тұрды. Әйел адамның мәртебесі тәуелді және төмөндөтілген болды. Жас кезінде ол әкесінің, есейген шағында күйеуінің, ал күйеусіз қалса, ұлдарының билігінде болуы тиіс болды. Ману зандарында некенің сегіз нысаны болды, олардың әрқайсысы нақты касталарга тән болды.
- **Қалыңдықты сатып алу;**
- **Әке-шешесінің келісімінсіз маҳаббат негізіндеңі неке;**
- **Қалыңдықты алып қашу;**
- **Жасауы бар қалыңдықты алу және т.б.**
- **Некеде ер адам басым мәртебеге ие болды.** Оның бірнеше әйел алу құқығы, ажырасу, әйелін сатып жіберуге, мұлікті еркін пайдалануға құқығы болды. Әйел адам керісінші тек күйеін сыйлап, бала туып және оларды тәрбиелеуге міндетті болды. Әйел адамдарға ажырасуға, отбасыны тастап кетуге, өзінің кастасынан төмен кастаның рекегіне күйеуге шығуға, меншік иесі болуға тыым салынған және ерінің көзіне шөп салған үшін өлімге кесіле алды.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Дін қылмыстық құқықтың дамуына мол ықпал етті. Сол себепті қылмыс жуып шаюды қажет ететін күнә ретінде қарастырылды. Ману зандарында кінәнің нысандары, рецидив, қылмысқа бірге қатысу, жазаны женілдететін және ауырлататын мән-жайлар институттары қарастырылған. Қылмыстық құқыққа сословиелік сипат тән. Мысалы бірдей қылмыс жасаған әртүрлі каста өкілдеріне әртүрлі жаза көзделген. **Қылмыстарды олардың қол сүгу объектілерінің маңыздылығы бойынша жіктеге болады:**

- Мемлекет пен патшага қарсы қылмыстар. Оларға парапорлық, қызмет бабын пайдалану, жалған жарлықтар жасау сияқты қылмыстар жатады.
- Тулғага қарсы қылмыстар: қасақана адам өлтіру, абайсызда адам өлтіру, денеге зақым келтіру.
- Отбасыга қарсы қылмыстар: ойнас жасау (еркектің бөтен әйелмен құпия сөйлесуі, онымен қалжындауы, киіміне тиу), зорлау, жез табандық, өзінен жоғары каста әйелімен бірге тұру.
- Мұліктік қылмыстар: ұрлық және тонау.

Ману зандарында түрлі жазалар қарастырылған. **Қылмыстардың көпшілгі ушин олім жазасы қарастырылған.** Ол өзенге батырау, ағашқа отырғазу, кереуетте немесе отта өртеу, иттерге талату арқылы жасалды. **Брахмандарға олім жазасы қолданылмады,** оның орнына басын қырып қауымнан қуу жазасы қолданылды. Сонымен бірге, айып, дene жазалары, масқаралау жазалары, шынжырға отырғызу және қамау сияқты жазалар қолданылды.

# Сот және процесс

- Ежелгі Үндістанда соттардың екі жүйесі болды: Патшалық және қауымдық. Жоғарғы сот инстанция ө патша соты болды. Оған патшаның өзі, брахмандар және тәжірибелі кеңесшілер кірді. Ол болмаған жағдайда брахман мен үш судьядан тұратын арнайы алқа – сабха сот өндірісін жүргізді. Жоғарғы сот ретінде патша жыл сайын кешірім жасау құқығын иеленді. Процесс жарыспалы сипатқа ие болды. Азаматтық және қылмыстық істер бойынша процестің айырмашылығы болған жоқ. Алайда қылмыстардан бөлек сот процесіне арқау болатын 18 негіз ману заңдарында көрсетілген: қарызды төлемеу, кепілге беру, бөтен біреудікін сату, қоғамға қатысу, берілгенді қайтармау, жалақыны төлемеу, келісім-шартты бұзу, қожайынның бақташымен дауы, шекара туралы дау, ар-намысына қол сұғу және лақап әңгіме тарату, ұрлық, зорлық көрсету, ойнас жасау, мұраны бөлу, дауласу және сүйек ойнау.
- Процес жәбірленуші тараптың талап-арыз беруімен басталды. Содан кейін істі жариялы тындау басталады. Талапкер мен жауапкер дәлелдемелерді өздері жинауы тиіс. Дәлелдеме ретінде куәгерлердің айғақ беруі қолданылды. Куәгерлердің касталары ескерілді, әйелдер, қарттар, балалар, құлдар, мұдделі тұлғалар куәгер бола алмады. Сонымен бірге ант беру қолданылды. Айғақтар мен ант беру болмаған жағдайда ордалиялар қолданылды.

**№5-ДӘРІС. «Ежелгі антика мемлекеті мен  
құқығы. Ежелгі Греция мемлекеті мен құқығы»**



# **5-дәріс. «Ежелгі антика мемлекеті мен құқығы. Ежелгі Греция мемлекеті мен құқығы»**

# Жоспар:

- 1. Антика заманының мемлекеті мен құқығының ерекшеліктері.**
- 2. Ежелгі Греция мемлекеті мен құқығының даму кезендері.**
- 3. Афина мемлекеті мен құқығы.**
- 4. Спарта мемлекеті мен құқығы.**



## Пайдаланылған әдебиеттер:


- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Еуропа аумағындағы алғашқы мемлекеттер б.э.д. II-I мыңжылдықтарда Жерорта теңізінің бассейнінде құрылды. Өзінің саяси-құқықтық, әлеуметтік-мәдени дамуына сәйкес бұл кезең Антика заманы деп аталады. «Антика» термині XVIII ғ. Францияда Ежелгі Греция және Ежелгі Рим өркениеттерін белгілеу үшін пайда болған. Грек-Рим өркениеттің шенберінде қалыптасқан саяси-құқықтық ұйымдарға **бірқатар ерекшеліктер тән:**

- Бұл елдер теңіз жағасында пайда болғандықтан, оның дамуына сауда-саттық зор әсер еткен. Бұл фактор меншіктің пайда болуын тездettі және сол арқылы таптық бөліністің негізін салды. Нәтижесінде саяси-құқықтық дамудың бұл жолы қазіргі европалық және батыс елдерінің дара жолына айналды;
- Елдің шаруашылығы жеке тұлғаның меншігіне негізделген. Греция мен Римнің жерлері үлкен патшалық шаруашылықтың нығаюына келмеді. Бұнда саны көп құлдар арқылы мемлекеттік меншіктегі жерлерді өндеу тиімсіз болды. Жер жеке шаруаларға меншікке берілді;
- Олар қала-мемлекеттер – полистер түрінде қалыптасты. Яғни, мемлекет деп арнайы басқару аппараты бар, шаруашылығы қалыптасқан қалалар танылды. Полис өзінің дамуы барысында басы бос меншік иелері мен жеке өндеушілердің саяси және экономикалық дербестігіне сүйенди;
- Бұнда шексіз билікке ие шығыстық деспотия емес, азаматтардың тен құқылығына негізделген респубикалық сипаттағы басқару нысандары қалыптасты. Жер сияқты ірі ресурстары аз мемлекет өз билігін абсолютті ете алмады;

- **Құлиеленушілік сипатта** болды, яғни, үл мемлекеттер шаруашылғында құл еңбегін кеңінен қолданды, себебі, теңіз жағалауында орналасуы құл саудасының үл аумаққа да тарауына әкелді. Нәтижесінде жеке шаруашылықтардың өзінде құлдардың еңбегі кеңінен пайдаланылды;
- Мемлекеттің дамуы қоғамда артықшылықтары бар аристократия мен дербес шаруашылық жүргізетін демостің арасындағы саяси және экономикалық курестің нәтижесінде жүзеге асты. Дәл осы кезеңде басқарудың келесідей **республикалық сипатты бар нысандары қалыптасты: демократия, аристократия, олигархия, плутократия және т.б.:**
- Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнің құқығы полистің шеңберінде қалыптасқандықтан, діни-мифологиялық нысандардан ада **зайырлы сипатта** болды. Яғни, дін құқықтың қалыптасуына қатты ықпал еткен жоқ. Антикалық құқық жеке меншік иесі болып табылатын өндірушінің құқықтарын қорғауға бағытталды. Сол кезеңде құқықты қоғамда қалыптасқан түрлі әлеуметтік топтардың келісімі деп танылған. Заң мистикалық ережелердің жиынтығы емес, нақты жағдайды көрсететін және оны реттеуге бағытталған әмір ретінде қарастырылды. Сол себепті ауызша әдет-ғұрыптардың орнын жазбаша заң Ежелгі Греция мен Римде ерте басты. Осы ерекшелігінің арқасында рим құқығы құқықтық дамудың шарықтау шындарына жетті және қазіргі көптеген құқықтық институттардың негізін қалап кетті.

«Греция» атаулары Ежелгі Грецияда емес, кейінірек ежелгі Римде пайда болды. Гректер өздерін-өзі ірі тайпаларының бірінің атауымен эллиндіктер деп атады. *Ежелгі Грециядағы алғашқы мемлекеттік құрылымдар б.э.д. III мыңжылдықтың екінші жартастысында Балқан түбегінің оңтүстігінде және Эгей теңізінің аралдарында пайда болды.* Алғашқы мемлекеттер алғашқы рулық қауымның ыдырауы мен ерте таптық қоғамның пайда болуы нәтижесінде кішігірім патшалықтар нысанында құрылды. Ежелгі Греция мемлекеті мен құқығының тарихын ерте таптық қоғамдардың түрлі саяси және құқықтық даму белгілерімен ерекшеленетін *бес кезеңге бөліп қарастыруға болады:*



## **Крит-микен кезеңі (б.э.д. III-II мыңжылдықтар).**

- Атальш кезеңде Крит аралын мекендеген миной тайпасында аумағының теңізben қорғалғандығына, теңіз жолдарының жақын болуы және өндеге жарамды шұрайлы жерлердің көп болуына байланысты рулық құрылыштан таптыққа өту басталды. Тайпа көсемдері патшаларга айналды. Оларды басилевстер деп атады. Криттің қала-мемлекеттерінің ішінде Кносс қаласы күшейіп басқаларын өзіне бағындырып кносс мемлекетін құрды. Алайда Миной өркениеті мықты орталықтанған мемлекет құра алмады, оның ішінде құрамына кіретін мемлекеттер арасында билікке тартыс толассыз жүрді. Нәтижесінде б.э.д. 1700 жылы болған жер сілкінісі және Балқан жақтан келген грек-ахей тайпаларының басып кіруі нәтижесінде Крит ахей Грециясының провинциясына айналды. Осы кезеңде ахей патшалықтарының ішінде ең мықтысы Агамемнон патшаның билігі тұсында Микен патшалығы болды. Одан басқа Пилосск патшалығы, Арголида, астанасы Афина болып табылған Аттика патшалықтары болды. Бұлар рулық құрылыштың қалдықтарында құрылған ерте таптық қоғамдар болды. Басқару нысаны бойынша олар монархиялар болды. Алайда Шығыс елдерімен салыстырғанда мемлекет басшысының билігі оның жеке беделіне ғана негізделді.

## Гомерлік кезең (XVIII ғасырдың аяғы - б.Э.д. XIX)

- Осы кезеңнің аяғында ахей мемлекеттері солтустік грек тайпалары - дорилердің шабуылына төмен берे алмады. Нәтижесінде тайпалық мемлекеттілік пен протомемлекеттерге қайта бару процесі орын алды. Себебі жаулап алушы дорий тайпалары алғашқы қауымдық құрылымда болған. Сонымен бірге дорийлік жаулап алу крит-микен кезеңінде болған абсолютті патша билігін жойып, монархиялық билеуге жол бермейтін мемлекеттік құрылымның жаңа нысандарының қалыптасуына жағдай жасады. Протополистер немесе полиске дейінгі құрылымдар мемлекеттің жаңа нысаны болды. Олар қайта жаңғыртылған тайпалық демократия институттары мен патша жерін қауым мүшелеріне меншікке таратып беру нәтижесінде пайда болған еркін меншік иелеріне сүйенді. Ежелгі Грек мемлекеті мен құқығының дамуының келесі кезенде протополистер полистерге, яғни, кала-мемлекеттерге айналды. Дориліктерге протомемлекет құру қын болған жоқ, себебі олардың өзі эскери демократиялық басқару нысанында еді.

## **Архаикалық кезең (б.э.д. XVIII ортасы - б.э.д. VI ғғ аяғы)**

- **Бұл кезеңнің басты ерекшелігі** – ру-тайпалық құрылымның ыдырап, полис нысанындағы ертекүлиенушілік қоғам мен мемлекеттің құрылуы. **Полис** дегеніміз – полистің барлық азаматтарының, оған тиісті қалалық және ауылдық мекендердің тұрғындарының, жайылымдарда, баубақшаларда, шахталар жұмыс істейтін құлдардың жиынтығы. Алғашында полистің тұрғындары туысқан деп саналды. Себебі олар бір **филдарға** – руларға және ортақ **фратрилерге** – тайпаларға жатты, ортақ құдайларға бағында. Кейін мұліктік теңсіздіктің ұлғаюына байланысты ежелден келе жатқан бөліністің дәстүрлі жүйесі бұзылды. Халық аумақтық және мұліктік белгі бойынша бөліне бастады. Бұл кезде тек жер үлесіне құқығы бар ру мүшелері ғана тең құқылы болды. Ал жат жерліктерде азаматтық құқықтар болған жоқ. Аталмыш кезеңде саны бірнеше жүзден асатын полистердің ішінде **ен мықтылары Спарта және Афина полистері** болды. Бұл мемлекеттер полис өмірін ұйымдастыруда қарама-қайшы жолдарды таңдады. Афинада полисті басқаруға тікелей қатысатын еркін меншік иелерінің қауымына, жеке өндірушілерге сүйенетін демократиялық республика орнады. Ал Спартада әскери сипаттағы аристократиялық республика орнады. Онда саяси шешімдерді қабылдау құқығы халықтың аз бөлігін құрайтын **Спартиаттар қауымына ғана берілді.** **Спартиаттар саны көп еріксіз халықты (илоттар) қанап, жеке меншік пен теңсіздіктің дамуын тәжеууге тырысты.**

## **Классикалық кезең (б.э.д. V ғ.-IV ғ.)**

Бұл кезенде полистік құрылымың өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі – Афина мен Спартаның Грециядағы гегемониялық үшін саяси күресі.

## **Эллинистік кезең (б.э.д. IV ғ. Екінші жартысы – I ғ. ортасы)**

Полистік құрылымның құлдырау кезеңі, қала-мемлекеттердің Александр Македонский мемлекетінің құрамына кіруі және эллинистік мемлекеттердің орнауы. Эллинистік мемлекеттер полистік жүйе мен билікті ұйымдастырудың Ежелгі Шығыстық жолын синтездеуден пайда болатын нысан болып табылады. Шығыстық мәдениеттің әсерінен жеке тұлғаның билігі нығайып, оны Құдайға теңеу, қатаң орталықтану және бюрократияның күшеюі сияқты процестер орын алды. Алайда оған қарамастан Афина, Спарта және басқа да қала-мемлекеттердің полистік сипаты өзгерген жоқ. Олардың арасындағы гегемония үшін тартысы әлсіретті. Осыны б.э.д. 146 жылы Рим пайдаланып, Грецияны өзінің провинциясы қылдырды.

Б.э.д. VIII-VII ғғ. шегінде Орталық Грецияда орналасқан Аттикада рулық қауым ыдырап, оның орнына таптық қоғам құрылды. Афина мемлекеті ру-тайпалық қатынастардың ыдырауы және аумақтық бөлініс жүйесінің нәтижесінде пайда болды. Бұл процестердің негізінде қоғамдық еңбек бөлінісі, жеке меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі жатты. Осы таптардың арасындағы қайшылықтарды шешу үшін мемлекет құрылды. Фаукидтің айтуы бойынша Аттиканың бірігүін Тезей басилевс жузеге асыруды дейді. Оның реформалары нәтижесінде Афина мемлекеті құрылды.

- Тезейдің кезінде бұрындары бөлек болған 12 тайпалардың бірігүі, яғни, синойкизмі орын алды. Жаңа мемлекеттің орталығы Афина болды;
- Рулық бөліністен бөлек қоғамда атқаратын мамандықтары мен функцияларына сәйкес сосоловиелік бөлініс қалыптасты. Афинаның азаматтық қауымын құрайтын еркін халық үш әлеуметтік топқа бөлінді: эвпатридтер – рулық шонжарлар, геоморлар – жер өндеушілер, демиургтер – қолөнершилер. Әлеуметтік теңсіздік саяси теңсіздікке әкелді. Тек эвпатридтерге ғана қоғамдықлауазымдарды иеленуге құқық берілді. Геоморлар мен демиургтер тек халық жиналысына ғана қатыса алды.

# Ежелгі Афинаның құқығы

- *Афиналық құқық өз бастаудын жазбаша заннамадан алады.* Ол занды негізгі қайнар-көз ретінде таныды. Бұл дәстүр *Дракон, Солон зандарында* және халық жиналысының қаулылары – *псефизмаларда* бекітілген. Зандармен қатар құқық қайнар-көзі ретінде құқықтық әдет-ғұрып және сот тәжірибесі қарастырылған.
- Афинада *мұліктік қатынастар жеткілікті деңгейде дамыған* болды. Оған жерге қатысты жеке меншіктің ерте пайда болуы жағдай жасады. Құқық субъектісі ретінде тек азаматтар ғана қарастырылды, құлдар құқық объектісі болды. *Афиналық мұліктік құқық затты иелену мен оған менишік құқығының ажыратты.* Затты иелену дегеніміз оны нақты иемденіп пайдалану, ал меншік құқығы иеленуге қоса оны басқара алу құқығының жиынтығы ретінде танылды.

# Міндеттемелік қатынастар

- Келісім-шарттан немесе деликтіден, яғни, құқықбұзушылықтан пайда болды. Келісім-шарттың келесі түрлері болды: сату-сатып алу, серіктестік, жалға алу, жалдау, қарыз алу, ссуда алу, мердігерлік шарттары. Сонымен бірге некенің өзі келісім-шарт ретінде қарастырылды. Ол бойынша қалыңдық шарттың объектісі болды. Келімсім-шарт жарамдылығының талаптары: тараپтардың келісімі, жазбаша нысаны, міндеттемелерді орындаудың кепілдері (кеңілзам, кепілдеме, кепілпұл, ипотека). Деликтіден пайда болған міндеттемелер шығынның орнын толтырумен шектелді. Касакана жасалған шығын екі есе мөлшерде толтырылды.

# Неке қатынастары

- Афинада некеге тұру міндетті болды, жанұя құрмау ата-бабалардың аруақтарын қадірлемеу болып табылады. Бойдақтарды есі дұрыс емес, ауру адам ретінде қарады. Неке отбасы басшыларының арасында жасалатын келісім-шарт негізінде күйеудің жасау төлеу арқылы жасалды. Тұысқандардың арасындағы некеге жол берілді. Афиналық құқық моногамиялық отбасына таныды. Ол бойынша отағасының билігі шексіз сипатта болды. Мысалы Солон реформаларына дейін әкесі өз баласын тынданмағаны үшін құлдыққа сатып жіберуі мүмкін еді. Некеде күйеудің құқықтары кенірек болды. Оған өз үйінде күн ұстауға, айырылысуға және әкeden кейін мұрагер болу құқықтары берілді. Эйел мәмілелер жасай алмады, айырылысу еркіндігіне ие болмады және егер оны ашынасымен ұстап алса, сол жерде өлтіруге рұқсат берілді. Мұрагерлік заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезектегі мұрагер болып ұлдар танылды, қыздар тек ұл болмаған жағдайда ғана мұрагер бола алды. Зансыз тұган балалар мұрагер бола алмады. Солонның реформалары ұл болмаған жағдайда өсиет арқылы мұра қалдыруға рұқсат берді.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

- **Афиналық қылмыстық құқық азаматтық құқыққа қараганда дамуы төмен болды.** Оны Дракон зандарынан көреміз. Қылмыс түсінігі қалыптаспаған және **қылмыстардың жіктелуі болмаған**. Шартты түрде қылмыстарды қол сұғу объектілері бойынша бірнеше топқа бөлуге болады: мемлекеттік қылмыстар (опасыздық, халықты алдау, құдайларды сыйламау, храмдық мұлікті ұрлау, халық жиналысына заңға қайшы ұсыныстар енгізі); тұлғаға қарсы қылмыстар (адам өлтіру, жалған кінәләу, намысына тию, денеге закым келтіру); отбасыға қарсы қылмыстар (әйелдің зинақорлығы, ата-ананы сыйламау, қызды алып қашу); мұлікке қарсы қылмыстар (ұрлық, өртеу). Жаза тағайындау қылмыс сипатына және тұлғаның оған қатысу сипатына байланысты болды. Өлім жазасы, айып, елден қуу, шығынды өтеу, құн төлеу, құлдыққа сату, дene жазалары, масқаралау жазалары және азаматтық құқықтардан айыру.

# Сот және процесс

- *Сот істерін жәбірленуши немесе оның тұысқандары козгады.* Істі қарау екі стадиядан тұрды:
- *Алдын-ала немесе әкімшілік тергеу.* Оны арызды алған лауазымды тұлға жүзеге асырды. Ол талапкер мен жауапкерді шақырып, олардың және куәгерердің айғақтарын тындадығ заттай дәлелдерді зерттеді, құқықтық даудың пәнінің бар/жоқтығын анықтады, істі сотқа жібермей-ак шешуге шақырды. Егер тараптар келіспесе, іс сотқа жіберілді.
- *Соттық талқылау сатысында* сот істі түскен материалдар бойынша мәні бойынша қарады. Егер кінәлі деп танылса, жаза отырушулыар алқасының құпия дауыс беруі арқылы тағайындалды.
- Ареопагтың шешімдеріне гелиәяға шағымдану мүмкіндігі болды. Оның шешімі *түпкілікті* болды.

**№6-ДӘРІС. «Ежелгі Рим мемлекеті мен  
құқығы»**

# 6-дәріс. «Ежелгі Рим мемлекеті мен құқығы»

# Жоспар:

- 1. Рим мемлекеті пайда болуы мен дамуының кезеңдері;**
- 2. Патшалық кезеңдегі Ежелгі Рим;**
- 3. Рим Республикасы;**
- 4. Рим империясы;**
- 5. Ежелгі Рим құқығы.**



## Пайдаланылған әдебиеттер:


- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Аңыз бойынша Ежелгі Римдегі мемлекетті б.э.д. 753 жылдың 21 сәуір күні рекс (патша) Ромул уш тайпаны Рим қауымына (civitas) біріктіру арқылы құрды. Яғни, Ежелгі Рим мемлекеті сабиндар, латындар және этрускілердің синойкизмі нәтижесінде құрылды. Дәстүрге сәйкес рекс Ромул 100 ақсақалдан құралған кенес – сенатты құрып, халық жиналысымен бірге Римді басқара бастады. Б.э.д. VIII ғасырда Рим қауымына әскери сипаттағы түйік рұлық ұйымның белгілері тән болды.




# ЕЖЕЛГІ РИМДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ ЕЖЕЛГІ РИМ МЕМЛЕКЕТИНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕР ТАРИХЫ


«Патшалық кезең»  
Б.д.д. VIII - VI ғ.



Республика  
Б.д.д. VI - I ғ.



Империя  
Б.д.д. I – б.д. VI ғ.



Принципат  
б.д.д.27-б.д.284 жж.



Доминат  
б.д.д. 284-476 жж.

- **Патшалық кезең (б.э.д. 753-510 жж.)** – жеті патшаның билік кезеңі: Ромулдың, Нум Помпулийдің, Тулл Гостилийдің, Анка Марцидің, Ежелгі Тарквинидің, Сервий Тулидің, Өркөкірек Тарквинидің. Патшалық кезенде Рим қауымы әскери демократиядан ертетаптық мемлекетке ауысты. Ежелгі Рим мемлекеті дамуының негізінде плебейлер мен патрицилердің арасындағы қактығыс жатты. Плебейлердің Рим қауымы мүшелерімен теңқұқылық үшін күресі рулық құрылымның ыдырап, мемлекеттің орнығуына жағдай жасады. Патрицилер дегеніміз рим қауымына кіретін адамдар. Плебейлер дегеніміз Рим қауымына кірмейтін Рим қаласының тұрғындары.
- **Республикалық кезеңде (б.э.д. 509-27 жж.)** Соңғы патшаны Римнен құған соң Рим қала-полистен қуатты державаға айналды. Ол өзінің жақын және алыс көршілерін басып алды. Бұл кезенде өндірістің дамуы және классикалық құлдықтың орнауымен байланысты сенаттық республиканың дамуы жүзеге асты.
- **Империя кезеңі (б.э.д. 27- б.э.д 476 жж.).** Бұл кезенде монархиялық басқару нысаны қалыптасты және кейін варвар тайпаларының қысымымен күйреді. Бұл уақыт екі кезенге бөлінді: Ерте империя кезеңі – принципат (б.э.д. 27- б.э.д 284 жж.); Кеш империя кезеңі – доминат (б.э.д. 284-476 жж.).

# Патшалық дәуірде Римде билік күрган патшалар:

- ❖ *Ромул;*
- ❖ *Нума Помпилий;*
- ❖ *Тулл Гостилий;*
- ❖ *Анк Марций;*
- ❖ *Тарквиний Приск;*
- ❖ *Сервий Тулий;*
- ❖ *Тарквиний Гордый.*



Рим қауымдық құрылымының әлеуметтік негізін рулар (genus) қурады.

Басында олар 100 болды, кейін 300 жетті. **Оған келесі белгілер тән болды:**

- өзара мұрагер болу құқығы,
- ортақ мекен,
- бөтендерді қауымга алу құқығы,
- ақсақалдарды сайлау және орнынан алу,
- руластардың бір-біріне көмек көрсету міндемі.

Римдік қауымның екінші элементі *куриялар* болды. Оған 30 курия (бір курия он рудан тұрды ) кірді. Курия дегеніміз – жауынгер-ерлердің одағы. Әрбір курия 100 жаяу және 10 атты жауынгер шығаруға міндептеннеді. Рим қауымының ең ірі бірлігі трибалар (тайпалар) болды. Рим халқы әрбіреуі 100 рудан құралған 3 трибадан тұрды.

Ежелгі Рим қауымы мемлекетті білген жоқ, ол әскери демократия жағдайында өмір сүрді. Римді Сенат, Рекс және харық жиналысы – комиция басқарды.

- **Сенат басында 100, кейін 300 ақсакалдан құралды.** Ол жоғарғы әкімшілік биліктің органы болды. Ол тікелей басқарумен айналысты, халық жиналышының бекітілуіне ұсынылатын заң жобаларын дайындауды, соғыс жағдайында бейбіт келісімге келді.
- Комиция – бұл халық жиналышы, дәлірек айтатын болсақ, курия бойынша жиналатын жауынгер-ерлердің жиналышы. Сол себепті оларды кей жағдайда куриаттық комициялар деп атады. Бұл орган сенат дайындаған заң жобаларын бекітті немесе қайтарды, барлық лауазымды тұлғаларды сайлады, өлім жазасы қарастырылған істер бойынша жоғарғы аппеляциялық инстанция болды, соғысты жариялады.
- **Рекс**, яғни, патша куриаттық жиналышта сайланды және әскери көсем, жоғарғы абыз және жоғарғы судья функцияларын атқарды.

# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

- Бұл кезеңде Рим қауымы ру-тайпалық құрылыста өмір сүрген тайпалар одағы болудан қалды, онда әлеуметтік теңсіздік дами бастады.
- Бірінші кезекте Рим халқының өзі патрицилер мен клиенттерге бөлінді.
- Алғашқы қауымдық кезеңдегі жастың үлкендігі, ақылдылығы және көргендігі қағидалары тектілік қағидасымен ауыстырыла бастады. Уақыт өтісімен осы текті отбасылардың мүшелері ғана плебейлер деп атала бастады. Ал олардың кедейленген туысқандары оларға тәуелділікке түскендіктен клиенттер деп атала бастады. Патрицилер оларға қатысты патрон, яғни, қорғаншы, қамқоршы деп аталды.
- Патрондар өз клиенттеріне жер бөліп беруге және оларды сотта қоргауға міндетті болды. Ал клиенттер өз кезегінде патронның жеке жасағына кірді. Рим экономикасының дамуы әлеуметтік құрылымда одан сайын күрделендірді. Рим халқының саны жаулап алынған және өз еркімен қосылған халықтармен толықтырыла бастады. Бастапқыда сырттан келгендер үш трибаның құрамына қабылданды, алайда кейін оған тиым салынды. Сол себепті олар сенат пен куриаттық комицияларға қатысы алмады, яғни, құқысыз болды. Олардың саны тез өсті және қаланы толтыра бастады, сол себепті оларды плебс деп атай бастады, яғни, толтырушы. Плебейлер ешбір трибаға кірмейтін ірі патриархалды отбасы болып өмір сүрді. Сол себепті оларға жер берілмеді.

- Сонымен бірге бұл процестерді Римнің соңғы үш патшасымен байланыстырады. Осы кезеңде патшалардың билігі нығая бастады. Олар өздеріне кез-келген қауым мүшесінің өмір сүруі немесе өлуі туралы мәселелерді шешу құқығын иемденді. Патшалардың билігінің күшеюіне сенаттағы орындарды алған ру шонжарлары қарсы тұрды.
- Алтынышы патша – Сервий Тулий (б.э.д. 578-534) рулық аристократияны әлсірету үшін рулық құрылымды бұзуға бағытталған реформаларды жузеге асыруды.
- Мемлекет Рим қауымы сияқты туыстық қатынастарға емес, мұліктік және аумақтық белгілер бойынша құрылды. Рим мемлекетінің орынгуы Сервий Тулидің жузеге асырган уи реформасымен байланысты:



**Ценздік реформа.** Рим халқының бұрынғы рулық бөлінісін жойып, оның орнына бөліністің мұліктік цензін енгізді. Римнің **барлық еркін ер адамдары мұліктік цензге сәйкес алты разрядқа бөлінді**. Бастапқыда ценздің өлшемі ретінде жер үлесі қарастырылды, ал кейін мұліктің ақшалай құны. Римнің ең бай азаматтары ерекше разряд – аттыларға біріктірілді.

- Бірінші разрядқа 100 000 мыс ассы барлар,
- екінші разрядқа 75 000 асстан 100 000 ассқа дейін барлары,
- үшінші разрядқа 50 000 асстан 75 000 ассқа дейін барлар,
- төртінші разрядқа 25 000 асстан 50 000 ассқа дейін барлар,
- бесінші разрядқа 11 500 асстан 25 000 ассқа дейін барлар жатты,
- алтынша разрядты өз ұрпағынан басқа ешқандай байлығы жоқтар – пролетарийлер құрады.

Әрбір разряд әскери жүздіктердің белгілі бір санын шығаруға тиіс еді. Аттылар 18 центурия, бірініші разряд 80 центурия, екінші разряд 22 центурия, үшінші разряд 20 центурия, төртінші разряд 22 центурия, бесінші разряд 30 центурия жауынгер шығаруға міндетті болды. Ал пролетарилер ауыр қаруланған бір центурия жауынгер ұсынуға тиіс болды. Жалпы әскерде 193 центурия болды. Бұл реформаның нәтижесінде центуриаттық комициялар құрылды. Ендігі кезекте ең маңызды сұрақтар әскердің центуриаттық жиналыстарында шешілді.

**Әрбір центурия бір даудықса ие болды.** Бұл шешімдер заңға тең болды. Куриаттық жиналыстардың ықпалы түсे бастады. Осы кезеңде центуриаттарының саны көп болғандықтан негізгі саяси билік аттылар мен бірінші разряд мүшелерінде болды.

- **Эскери реформа.** Сервий Тулий ру жасақтарынан тәуелсіз патрицилер мен плебейлерден тұратын тұрақты әскер құрды. Ол **әскер жинау қазидастың өзгертті**. Ендігі кезекте әскер разрядтардың центуриялары бойынша құралды. Барлық жері бар 16 және 46 жас аралығындағы ерікті азаматтардың барлығы әскери қызметке келуге міндетті болды. Жылына екі рет, күзде және көктемде, әскерлер қала сыртындағы Марс алаңында сапқа тұрғызылып оларға сұрақтар қойылды. Соғыс ашу керек пе және кім жорықты басқарады?
- **Әкімишілік-аумақтық реформа.** Оның **негізгі мақсаты рулық қауымды ыдыратып оның орнына көршілік қауымды құру болатын**. Сервий Тулий Рим аумағын трибалар деп аталатын **21 округқа бөлді**. Нәтижесінде ішінде рулық та бар, плебейлер мен патрицилерден тұратын көршілік те бар 4 қалалық триба және 17 ауылдық триба құрылды. Осы аумақтық бөліністің негізінде жиналыстардың жаңа түрі – **трибутты комициялар** пайда болды. Комициядағы әрбір триба бір дауысқа ие болды.

# **ЕЖЕЛГІ РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕР ТАРИХЫ**

**Ежелгі б.э.д. IV ғ.**



**Классикалық б.э.д. III ғ. аяғы**



**Постклассикалық б.э. III ғ. аяғы – б.э.VI ғ.**

# Рим азаматтарының толық құқық кабілеттілігі анықталды:

- ❖ *Еркіндік статусымен;*
- ❖ *Азаматтық статусымен;*
- ❖ *Отбасылық статусымен.*





# РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕНДЕРІ

1

Квириттік немесе цивильдік  
құқық

2


Преторлық құқық

3

Жалпыхалықтық құқық

4

Жеке құқық



# Ежелгі Римдегі құқықтың қайнар көздері

- Құқықтық дәстүрлер;
- Зандар (комиция және сенат шешімдері);
  - Рекстердің заннамалары;
  - Магистраттар қаулылары;
- Понтификтардың құқықты талқылауы.

## **Ең жоғарғы Мемлекеттік органдар**

**Халық  
жиналысы**


**Сенат**

**Магистратура**

**Центуриялық**

**Трибалиқ**

**Куриялық**



# Меншік құқығы

1. Пайдалану – юс итенди;
2. Иелену – юс абутенди;
3. Билеу – юс фруденти

1. Квирииттік меншік;
2. Преторлық меншік;
3. Перегриндік меншік

# Меншік құқығын алу жолдары:

- ❖ *Оккупация;*
- ❖ *Талап қою мерзімінің өтуі;*
- ❖ *Көмбе табу;*
- ❖ *Традицио;*
- ❖ *Спецификация;*
- ❖ *Өснегтен бас тарту;*
- ❖ *Заттарды қосу;*
- ❖ *Бөтен менишікті пайдаланудан түсемтін өнім мен кіріс;*
- ❖ *Претордың немесе соттың шешімі.*

# Мұлікке қатысты меншік құқығы жойылады:

- *Өз еркімен мұлікке қатысты меншік құқығынан бас тарту;*
- *Заттардың жойылуы;*
- *Мұлікті иесіздендіру;*
- *Конфискация, тәркілеу;*
- *Мұлікті азаматтық айналыстан шыгару.*

## **Өзгенің заттарына қатысты құқық:**

**Сервитуттар**

**Эмфитезис**

**Суперфиций**

**Узус**

Өзгенің затын  
пайдалану  
құқығы

Жерді  
өндеуге  
қатысты  
құқықтар

Жердің үсті  
мен астында  
салынған  
құрылым

Өз құқығын  
қанағаттандыру  
мақсатында өнімді  
пайдалану

# Борышкерлік құқық:

Рим құқығының маңызды ескерткіштерінің бірі – **12 кесте** зандарында рәсімделген бұл құқық қаталдығымен ерекшеленеді.

## **Кепілдік – нексум;**

Соны өлім жазасымен немесе өмір бойы құлдықпен аяқталатын. **Бұл б.д.д. 326 ж. Пемеллий заңымен жойылды.**

# Неке және отбасы құқығы

- Күйеу билігімен некеге тұру – **күм ману**;
- Күйеу билігінсіз некеге тұру – **сене ману**;
- Некеге тұрушылардың **келісімі**;
- **14 және 12 жас**;
- Шелпек жеу әдісімен неке қию;
- **Калыңдық маниципациясы**;
- Эке билігі – 30 күннен кешіктірмеу;
- **Камкорышылық және қорғанишылық институты**.

# Мұрагерлік құқық

- *Өситетнама бойыниша;*
- *Заң бойыниша;*
- *Мұрагерлер, агнаттар, когнаттар;*
- *Преторлық құқық;*
- *Легат – өситетнамалық бас тарту;*
- *Фидеикомис.*

# Міндеттемелік құқық

- Деликт салдарынан;
- Залал келтіру салдарынан;
- Вербалды контрактілер;
- Литералды контрактілер;
- Консенсualды контрактілер;
- Накты контрактілерден туындайды.

# Қылмыстық құқық

- Барша қауымдастыққа қарсы қылмыстар;
- Христиан дініне қарсы қылмыстар;
- Kisi өлтіру және оған теңестірілген қылмыстар;
- Өкіметтің азаматтарға қарсы қиянат етушілігі;
- Құқықтық салдары болған жалғандық пен өтірік айту;
- Жыныстық қылмыстар;
- Корқыту арқылы талап қою;
- Меншікке қарсы қылмыстар;
- Адам дербестігіне қол сүгу қылмыстары;
- Өзгенің мұлқін булодіру;
- Сайлау карсаңындағы сыйайлас жемқорлық қылмыстар:
- Којалық тәртіпке қарсы сыйайлас жемқорлық әрекеттер.

**№7-ДӘРІС. «Франция мен Германияның  
феодалдық мемлекеті мен құқығы»**

# 7-дәріс. «Франция мен Германияның феодалдық мемлекеті мен құқығы»

# Жоспары:

- ❖ *Феодалдық Франция* мемлекетінің тарихы;
- ❖ Қоғамдық құрылышы;
- ❖ Мемлекеттік құрылышы;
- ❖ Сот билігі;
- ❖ Сословиелік - өкілетті монархия кезіндегі мемлекеттік құрылыш;
- ❖ Абсолютті монархия кезеңіндегі мемлекеттік құрылыш;
- ❖ Құқықтың негізгі белгілері;
- ❖ Қылмыстық құқық.
- ❖ *Ерте феодалдық мемлекет* кезеңіндегі Германияның мемлекеттік құрылышы;
- ❖ Феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі Германияның қоғамдық және мемлекеттік құрылышы;
- ❖ Орта ғасырдағы Германияның сот жүйесі;
- ❖ Германияның құқығы.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

843 жылды Карл Мартеллдің немерелері ауқымды империялық үкіметті бөлісе алмай, оның орнына империяның өзін бөлуді ойлады. Ұлы Карл империясы үш бөлікке, болашақта **Франция**, **Германия** және **Италия** болатын мемлекеттерге бөлінді. Орта кезеңдердегі Германияның тарихи дамуы әр түрлі жағдайлармен байланысты болды.

### **Феодалдық Франция мемлекетінің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:**

- ❖ Ерте-феодалдық монархияның пайда болуы (IX-XIII ғғ.);
- ❖ Сословиелік - өкілетті монархия (XIV-XV ғғ.);
- ❖ Абсолютті монархия кезеңі (XVI-XIII ғғ.)

# Коғамдық кұрылсы

- Өндірістің негізгі қуralы – жер – үстем топтың монополиялық меншігі болды. Шаруалар иелігінде күнделікті пайдаланатын иесінің кішкентай жері - парцелла болды. Көптеген шаруалар сервтар мен вилландарға айналды.
- Сервтар - иесінің жеке және мұрагерлік тәуелділігінде, оның барлық айтқандарын істеп, бірталай ақы алды.
- Вилландар – жеке басы тәуелді емес, өз парцелласын (жерін) басқа тұлғаларға сата алды, ал бұл оны сеньорлық борышынан босатты.

# Мемлекеттік құрылышы

- Мемлекет басында **король** тұрды. Оның билігі сайланбалы болды (корольді оның вассалдары мен шіркеу иерархиясының жоғарғысы сайлады).
- Жалғыз жалпы **мемлекеттік орган** – корольдың курше (ұлы Кенес) болды.\
- **Ұлы Кенес** съезд түрінде жұмыс істеді. Бұл кезеңде басқарудың арнай органдары болмады.
- **Министериалдар** - лауазымды тұлғалар сарай шаруашылығын жүргізіп, сарайлық басшы болды.
- Король иелігі **домен** деп аталады.
- Барлық домен округтерге – **превотаждарга** бөлінді. Олардың басында **прево** тұрды.
- Орталықтағы министериалдар мен жергілікті жерлердегі превотаждарды **король тагайынады.**

# Сот билігі

- Эрбір тұлғаның жауапқа тартылуы қай иерархиялық сатыға жаратынына байланысты болды.
- Жоғарғы сот – корольдық курія еді.
- Жергілікті жерлердегі сот- сеньорлық юстиция деп аталады.
- Жоғарғы дәрежелі сеньорлар жоғарғы сот билігіне «жоғарғы юстицияға» ие болды. Олар өлім жазасымен жазаланатын қылмыстарды қарады.
- Төменде тұрған сеньорлар «төменгі юстицияға» ие болды, қалған қылмыстарды қаастырды.

**1. Екінші кезеңнің басында король билігі күшіне тусади.** Ол мынадан көрініс табады:

- ❖ Король билігінің сайланбалылығы алынады;
- ❖ «менің вассалымның вассалы менің вассалым емес» деген принцип жокқа шығарылады;
- ❖ вассалдың адалдық жөніндегі анты тікелей корольге берілді.

**2. Людовик IX реформалары өткізіледі.** Оның мәні мынада:

- ❖ сот реформасы – корольдық доменде жеке соғыстарға тыйым салынады, егер дау туған жағдайда корольдық сотқа жүгінулері керек,
- ❖ жергілікті жерлерде «корольдің 40 күні» енгізілді, бұл мерзім ішінде феодалдар жеке соғысты бастай алмады;
- ❖ Корольдың куриядан ерекше сот палатасы Перит парламенті ығыстырылып шығарылды. Бұл жоғарғы апелляциялық инстанция болды.
- ❖ Қаржы реформасы – басты есептік қаржылық басқарудың жоғарғы органы ретінде – Есеп палатасы ығыстырылып шығарылды.

# Сословиелік - өкілетті монархия кезіндегі мемлекеттік құрылыш

- *Саяси бөліну жойылып*, мемлекет сословиелік - өкілетті монархия формасына ие болды.
- Куатты король билігі *жоғарғы кенесші орган –Бас Штат* өкілмен бірігеді.
- Барлық мәселелер палаталар бойынша жеке қаастырылды.
- *Шешім дауыстың көпшілігімен* қабылданды, шешімнің соңғы бекітілуі барлық палаталардың бірлескен жиналысында шешілді.
- *Мемлекеттік басқару органдарына* жататындар:
- Мемлекеттік кенес* - жалпы басқаруды жүзеге асырды және басқарудың өзге де саласын бақылады.
- Eсеп палатасы* - қаржы басқармасының жоғарғы органы.

# Лауазымды тұлғалар:

- **Канилер** – ағымдағы басқаруды жүзеге асырды және лауазымды тұлғаларды бақылады;
- **Коннекабль** - король эскер басшысы;
- **Камерарий** – король қазынасын басқарды;
- **Палатиндер** корольдің ерекше тапсырмасын орындайтын король кенесшісі;
- **Легистер** - рим құқығы курсын менгерген шенеуніктер.

# Абсолютті монархия кезеңіндегі мемлекеттік құрылыш

- Абсолютизм барлық заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің мемлекет басшысы – корольдің қолында шоғырланумен сипатталады. Бұл, Парламент, шіркеуінің қызметі шектелгендігінен көрініс табады.
- Мемлекет басқарудың орталық органы әр кезеңде туындаған әртүрлі мекемелердің қоспасы еді. Оларға жататындар:
  - Мемлекеттік кенсе – король жанындағы кеңесуші орган;
  - Каржы кенесі;
  - Жасырын Кенес – бірқатар істерді қайта қарастырды;
  - канцлер аппараты және тағы басқалар.
- Осы органның барлығын Бас қаржы бақылауышы және 4 мемлекеттік хатиши басқарды: жеке, шетел, тәңіз ісі және сарай ісі.

# Құқықтың негізгі белгілері

- Феодализм ыдырағанға дейін Франция бірде бір құқық жүйесін білмеді. Құқықтың территориялық әрекет ету принципі болды, яғни тұрғындар сол территорияда қалыптасқан құқық нормаларына бағынды.
- Құқықтың негізгі қайнар көзі әдет ғұрыптар – кутюмдер болды.
- Сословиелік өкілетті монархия кезінде кутюмның алгаашқы жинағы - өзіне Париж, Ориеан, Тур, Анжа және Мэп кутюмдерін қосатын «Касиетті Людовиг Жинағы» пайда болды.
- Абсолюттік монархия кезеңінде әдет-ғұрып жинақтарымен қатар құқықтың қайнар көздеріне корольдің жарлық, бүйрық, әдинг, ордонанстары қосылады.
- Францияның онтустігінде құқықтың қайнар көзі – рим құқығы болды.

- Франция феодалдық құқығының негізгі институты – **жерге меншік құқығы** еді. Iрі жер иелену *аллод, бенефицит* түрінде болды. Ал XI ғасырда бенефицит мұраға қалдырылатын болды.
- **Міндеттемелік құқықтағы** шарт түрі: *сату-сатып алу, заем, сыйға тарту, жерді жалдау.*
- **Неке отбасылық қатынастар** негізінен канондық құқық нормаларымен, сонымен бірге күтюм және король ордонанстарымен де реттелініп отырды.
- Неке құру үшін : *белгілі бір жасқа толу, тараптардың келісімі, ата-ана келісімі* қажет болды.
- **Мұрагерлік** 2 формала болды: *зан бойынша және өситет бойынша.*

# Қылмыстық құқық

- 1) дінге қарсы  
қылмыстар;
- 2) мемлекетке қарсы  
қылмыстар;
- 3) жеке тұлғага қарсы  
қылмыстар.

- a) ауыр жазалар;
- б) мүшеге зиян келтіру туралы;
- в) турмеге отырғызу және каторгалық жұмыстар;
- г) масқаралашу жазалары және айыппул.

Қылмыстық процесс  
2 сатыдан тұрды:

- 1) қылмыскерді жасырын іздестіру және протокол толтыру арқылы жүргізілетін қажетті тергеу әрекеттері;
- 2) ашық және көпшілік алдындағы сommay.

# Орта ғасырдағы Германия мемлекеті

- Ерте феодалдық мемлекет кезеңіндегі Германияда ірі феодалдық жер иелігі өсіп, шаруалардың басым көпшілігі ірі феодал – меншік иелерінің жеке және жермен байланысты тәуелділігінде болды. Алайда бұл процесс Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда біркелкі жүрмеді.
- XI ғ. сонына дейін Германия салыстырмалы негізде бірыңғай тұтас мемлекет қалыптасып, король билігінің күші мығым болды. Өзінің билігін жүргізуде король шіркеудің қолдауына сүйенді және оның негізгі тірегі епископат болды.

- Сот-әкімшілік құрылымы графтықтарға және жуздіктеге бөліну арқылы өзінің кейбір ерекшелігін сақтады. Жалпы мемлекеттік әскери үйым пайда болып, ерікті адамдар міндетті әскери қызметке тағайындалды және корольдің барлық вассалдары оның пайдасына әскери міндеткерлік өтеді.
- XI ғ. аяғына қарай Германияның барлық тұрғындары феодалдық қатынастарға тартылды, бұрынғы Рим бекіністерінің, сонымен бірге жаңа қолөнер және сауда қоныстарының есебінен қалалар қауырт дамыды.
- XI ғ. ортасынан бастап Германияда саяси орталықтандыру процесі әлсірей бастады. Ірі феодалдар өз аймақтарында толыққанды сот-әкімшілік билігін қолдарына алу арқылы окшауланған иеліктер құра бастады. Алғашында өз сеньорларының (корольдің, епископтардың, зайырлы феодалдардың) тәуелділігінде болған қалалар олардың билігінен босап, өзін-өзі басқаруға көшіп, қалалықтар жеке басының еркіндігіне ие болды.

# Германия сословиелік құрылымы

- *Империялық сословие (империядағы)* – оның құрамына империялық князьдар, империялық рыцарылар мен қала өкілдері кірді;
- *Земстволық сословие (княздықтардағы)* – оған дворяндар мен княздықтағы дін иелері, княздық қалалардың тұрғындары қамтылды.
- *Дін иелері екіге болінді:*
  1. Жоғарғы сатыдағы дін иелері – епископтар, аббаттар;
  2. Төменгі сатыдағы дін иелері – селолық және қалалық священниктер.

# Германия қалаларындағы мұліктік тұрғыдан жіктелушілік әртүрлі З әлеуметтік топтардың қалыптасуына ықпал жасады:

- **Патрициат** – қалалардағы барлық лауазымдарды иеленген қаланың басты адамдары;
- **Бюргерлер** – патрициаттарға оппозицияда болған орта деңгейдегі тұрғындар;
- **Кала кедейлері (плебейлер)** – ұсақ шеберлер, бір күндік жұмыс істейтіндер және мұлігі жоқ қалалықтар, бұлар патрициаттарға оппозициялық көзқараста болды.

# Мемлекеттік құрылдысы

- Жоғарғы билік *курфюрстер алқасы* арқылы танылышп, олар императорды сайлады және аса маңызды жалпы мемлекеттік істерді шешті.
- Жалпыгермандық заң шығарушы орган – *рейхstag* болды.
- Жеке княздықтарда жергілікті сословиелік өкілді мекемелер – *ландтагтар* қалыптасты.
- XV ғ. аяғына қарай *80-нен аса қала* (империялық және кейбір епископтық) саяси еркіндік алды және өзін-өзі басқару бірліктері ретінде танылды.
- Атқарушы билік бір немесе бірнеше *бургомистр* және *магистраттың* қолында болды.

# Орта ғасырдағы Германияның сот жүйесі

- *Сеньориалдық, феодалдық соттар* – ірі жер иеленушілерінің арасында құрылды.
- *Шіркеу соттары* – оның соттық өкілеттіктері белгілі бір адамдар категориясына қатысты (мысалы, дін иелері) және белгілі бір істерге қатысты (мысалы, дін істеріне) таратылды.
- *Қалалық соттар* – оның құрылымы әр қалада әр түрлі болды. Бір қалада сот процесі судьялар мен алқа билер арқылы жүргізілсе, басқаларында оны қалалық кенес жүргізді.

# Орта ғасырдағы Германияның құқығы

- 1230 жылы антгал рыцары әрі судьясы Эйко фон Ренгоф Саксонияның және басқа да облыстардың құқығына негізделген әдettік құқық нормаларын кодификациялады. Оған кейбір канондық құқықтан да қосымшалап енгізілді. Бұл зандар жинағы латын тілінде жазылып, «Саксон айнасы» деп аталды. Мазмұны 2 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде азаматтық, қылмыстық құқық енгізілсе, екінші бөлімінде қағидалар, тұжырымдар, ережелер енгізілді.
- 1273-1282 жж. құрастырылған екінші жинақ «Шваб айнасы» деп аталады. Кейде бұл жинақты «Император құқығы» деп те атайды. Бұған негіз болған «Бавар және Аллеман ақиқаты», француз корольдерінің азаматтық және діни істер бойынша заннамалары, Римдік және канондық құқық, әдettік құқықтың кейбір нормалары еді.

# Меншік құқығы

- Орта ғасырлық Германияда Еуропаның басқа да мемлекеттеріндегідей тәртіп орнықты. Жерге қос иелік, яғни мырза мен вассалдың иелігі болды.
- Екінші ерекшелік – Германияда марканың, яғни жер иеленудің қауымдық түрінің ұзак мерзімге сақталуы еді.
- Қалалар мен сауданың өркендеуіне байланысты адал ниетті сатып алушының құқығын қорғайтын француз зандары сияқты Германияда да зан қабылданды.
- Рим виндикиясымен салыстырғанда заттың шынайы иесіне сол затты адал ниетті сатып алушыдан алуға мүмкіндік берілмеген. Сондықтан бұл норма – **«колдың колды сақтандыру міндеті»** деп атаған.

# Отбасы-неке

## ҚҰҚЫҒЫ

- Эйелдер ерлердің қамқорлығында болып, барлық мұлік ерлердің иелігінде болған.
- Некелесу әйелге камқорлық жасауга құқық алу деп есептелген.
- Күйеу жігіт қалындығының әкесіне некеге тұру алдында вимтуум деп аталған төлем төлеген.

# Мұрагерлік

## ҚҰҚЫҒЫ

- Ұзак уақыт бойы отбасы дәuletінің ортақтығы сақталды. Сондықтан **мұрагерлік өсімет қалдыру болмады.**
- Отбасы мұлігі мұрагерлік бөліске түскенде өлікті жерлеуге жұмсалатын қаржы, шіркеуге берілетін садақалардан тұратын **«өлген адамның да үлесі»** ескерілді.
- **Кейін** Рим құқығының рецепциялары бойынша **өсімет қалдыру институты** да орын алды.

# 1356 ж. «Алтын булла»

- Осыған дейінгі қолданыста болған «Шваб айнасы» курфюрстердің король сайлауында шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Бұл ережеге сәйкес, король 7 курфюрстің шешімімен так иесі бола алады. Кейін бұл ереже «Алтын буллада» бекітілді. Ол король сайлауындағы курфюрстердің саны мен мүшелерін бекітті.
- Императордың тағайындалуы курфюрстер алқасының шешімімен жүзеге асатын. Курфюрстер өздері иеленген жеңілдіктерден, яғни пайдалы қазбаларды өз меншігіне пайдалану, баж салығын салу, ақша шығару сияқты құқықтардан айырылғысы келмеді.
- Олар бұл құқықтарды 1254—1273 жылдардан иеленген болатын. Курфюрстер осы құқық бойынша жалпы империялық соттарға қатыса алды.
- «Алтын булла» ережелері бойынша вассалдардың сеньорға қарсы шығуына, сондай-ақ қалалардың курфюрстерге қарсы одак құруына да тыйым салынды.
- «Алтын булла» Германияда ірі феодалдар олигархиясын (аз топтың билігі) орнықтырды.
- Курфюрстер император билігін шектеуге тырысты. Рейхстагтың және империялық соттың болуы Германияны біртұтас елге айналдыра алмады.
- «Алтын булла» Германияда 1806 жылға дейін күшін жоймады.

# «Каролина»

- 1532 ж. герман құқығының тарихында үлкен орын алғатын маңызы зор құқықтық жинак — «Каролина» император V Карлдың тапсыруымен жасалды. Оның негізгі қағидасты халықты үрейлендіру, қорқыту болды.
- 1535 ж. шаруалар соғысынан қауіптенген феодалдар барынша қатаң заң шығаруға аса мүдделі болды.
- Каролинада төмендегідей көптеген қылмыс түрлері көрсетілді:
  - 1) мемлекеттік қылмыстар (опасыздық, көтеріліс жасау т.б.);
  - 2) дінге қарсылық (құдайға тіл тигізу. сиқырлық жасау т.б.);
  - 3) жеке тұлғага қарсы қылмыстар ( кісі өлтіру, улау, жала жабу т.б.);
  - 4) отбасыга қарсы қылмыстар ( зинақорлық, жезөкшелік т.б.);
  - 5) мениікке қарсы қылмыстар ( ұрлық, тонау, өрт қою т.б.);
  - 6) сом әділеттілігіне қарсы қылмыстар ( жалған куә болу, жалған ант беру т.б.)

**№8-ДӘРІС. «Англия мен Ресейдің феодалдық мемлекеті»**

# 8-дәріс. «Англия мен Ресейдің феодалдық мемлекеті»

# Жоспары:

- ❖ *Англияда* ортағасырлық мемлекеттің құрылуы;
- ❖ «Корқынышты сот кітабы»;
- ❖ Мемлекеттік құрылысы;
- ❖ Ортағасырлық Англия құқықтық жүйесі;
- ❖ Еркіндіктің ұлы хартиясы;
- ❖ Ортағасырдағы *Орыс мемлекеті*;
- ❖ Қоғамдық - саяси құрылысы;
- ❖ Мемлекеттік құрылысы;
- ❖ Феодалдық бытыраңқылық және моңғол билігі дәуіріндегі орыс мемлекеті мен оның құқығы;
- ❖ XV-XVII ғғ. Орыс мемлекеті мен құқығы.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оку құралы / Ж. С. Әлдибеков. - Алматы : Жеті Жарғы, 2016.
- История государства и права зарубежных стран: Учебник для вузов: В 2 ч. Ч. 1 / Под общ. ред. д. ю. н., проф. О. А. Жидкова и д. ю. н., проф. Н. А. Крашенинниковой. — 2-е изд., стер. — М.: Норма, 2004.
- Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Лекциялар курсы / Мұхтарова А.Қ. - Алматы : Нұр-пресс, 2005.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

# Англияда ортағасырлық мемлекеттің құрылуды

Британ аралдарының көптеген жаулап алуларымен байланысты. V ғасырға дейін олар


Рим билігінде болды. Римдіктер кеткеннен кейін аралдарға герман тайпаларының қарулы отрядтары (фриз, англ, саксон, ют, т.б.) шабуыл

жасап, жергілікті халықты тонап, материкке оралып тұратын. Алайда 5 ғасырдың аяғында

бұл тайпалар Ұлыбританияны басып алып,

байырғы халықты – кельттерді солтүстікке (Шотландия) және батысқа (Уэльс) ығыстыра

бастады.




VI-VII ғасырларда Британдық бес аралда жеті англосаксондық «варвар мемлекеті» құрылды. Бұл мемлекеттердің барлығы рулық жүйенің қалдықтары бар ерте таптық қоғамның сатысында болды. Олардың арасында көршілес мемлекеттерді басып алуға бағытталған соғыстар үнемі өршіп тұрды. Тек IX-X ғасырларда ғана Уэссекс патшалары өз билігін «Англия» деген атау алған бүкіл елге таратады. 1066 жылы Англияны Нормандия герцогы Вильгельм жаулап алды, ол Рим папасының батасын алып, ағылшын жағалауына қонып, Гастингс шайқасында Гарольд әскерлерін талқандап, оның тағын басып алды. Осы сәттен бастап ағылшын мемлекетінің дамуында мүлде жаңа кезең басталады.




1066 жылы Англияны басып алғаннан кейін Уильям жергілікті ақсүйектердің дуние-мұлкін тартып алды. Оның ірі вассалдары арасында англосаксондық ақсүйектердің бірде-бір өкілі болған жоқ. Корольдік жерлердің бір бөлігі корольдік домен болды. Мыңдан астам жер участеклері мен ормандардың барлығын дерлік Вильгельм басып алды. Қалалар «корольдік лендер» деп жарияланды, яғни король мұлкі болып саналды, қалалар монархқа қызмет ету шартымен иелікке берілді. 1088 жылы Вильгельм өзін мемлекеттегі жердің жоғарғы иесі деп жариялады, азаматтар тәжден жер телімдерін тек иелікте ғана ала алатынын бекітті. Елдегі барлық жер иеленушілер патшаның вассалдарына айналды.



1086 жылы ол барлық еркін адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына қарамастан оған ант беруін талап етті. Бұл Вильгельмге Англияда «менің вассалымның вассалы – менің вассалым емес» қағидасының таралуына жол бермеуге мүмкіндік берді. Осы оқиғалардан кейін феодалдар екі топқа бөліне бастады: ұлы барондар – ірі жер иеленушілер, епископтардың көпшілігі және ірі аббаттар, сондай-ақ 400-ден 600 акрға дейін патшадан лен құқығымен жер алған ұсак барондар. Олар кейінрек эксвайрлар ретінде белгілі болды және «сэр» атағын алды.



1086 жылы халық санағы жүргізілді, ол «Корқынышты сот кітабы» деп аталды. Бұл санак бойынша Англияда 1,5 миллион адам болған. Олардың 14%-ы негізінен Солтүстік-Шығыс және Шығыс Англия графтіктерінде болған еркін адамдар және сокмендер болды. Олар сок деп аталатын ауылдарда тұрып, сеньорлардың билігін әлі білмеген жерлерге ие болды. Құқықтық мәртебесі бойынша олар рыцарьларға жақын болды. Алайда XI-XIII ғасырларда халықтың бұл санаты бірте-бірте ұсак рыцарлыққа және ағылшын шаруаларының басқа түрлеріне айнала бастады.



# Мемлекеттік құрылышы

- Жоғарыда аталған шарапардың арқасында Англияда жеткілікті күшті корольдік билік құрылды. Король барлық дәрежедегі феодалдарды өзіне тәуелді етіп, ең жоғарғы лауазымдар жаулап алушыларға тиесілі болатын бүкіл мемлекеттік аппаратты өзіне бағындырды. Мұндай «феодалдарды жену оңай» себебі, олардың өздері жергілікті халықтан өз мұдделерін қорғайтын күшті үкіметке мұдделі болды.
- Мемлекетте ірі жер иеленушілерден және корольдің айналасындағылардан тұратын корольдік курия үлкен маңызға ие болды. *Бұл курия уш нысанда әрекет етті: феодалдық съезд ретінде; жоғары инстанциялы сот ретінде; биліктің жоғарғы органы ретінде.*



# Құқық

- Ерте феодалдық кезенде, нормандық жаулап алғанға дейінгі Англияда басқа елдердегідей заң құқықтық әдет-ғұрыштар негізінде, мысалға Этельберт ақиқаты (VI ғ.), Ина ақиқаты, Альфред ақиқаты (IX ғ.), Кнут зандалы (XI ғ.) секілді бізге жеткен жазбалар негізінде қалыптасты.
- Құқықтың дамуына корольдік заңнаманы құрайтын нормативтік актілер сияқты қайнар көз де өсер етті. Дәл осы нормативтік актілердің көмегімен қоғамның феодалдану процесі ғана зандастырылып қоймай, король мен оның әкімшілігінің билігінің күшеюі де жүзеге асады.



Нормандық жаулап алғаннан кейін бірдей екі құқық қайнар көзі өмір сүруін жалғастырды, тек бір айырмашылығы, король судьялары оның нормаларын жана жағдайларға бейімдей отырып, құқықтық әдет-ғұрыптарды бір жүйеге келтіре бастады. Корольдік әкімшіліктің мұндай қызметі, сайып келгенде, Англияның «жалпы құқығының» қалыптасуына әкелді, оның нормалары, әрбір нақты іс бойынша шығарылған корольдік бұйрықтарда да, сот хаттамаларында да кездесе бастады. XI ғасырдан бастап Англия құқығының қалыптасуына құқықтық прецедент деп аталатын қайнар көз көп әсер етті.



Прецеденттерге негізделген «жалпы құқық» және «әділет құқығы» кейіннен «англосаксондық құқық жүйесі» деп аталған ағылшын құқық жүйесінің айрықша белгісін құрады.

Бірақ «жалпы құқықпен» және «әділет құқығымен» қатар Англияда статуттық құқық та дамыды, ол қолданыстағы заңнама нормаларына (декрет, ассиз, хартиялар, ордонанстар, статуттар) негізделген. Статуттық құқықтың қалыптасуы «жалпы құқықтың» қолданылу аясын шектеп қана қоймай, реформалар кезеңдерінде ерекше мәнге ие болды (1166 жылғы Кларендон ассизі, 1215 жылғы Еркіндіктердің ұлы хартиясы, 1285, 1330, 1360 ж. Вестминстер статуты және т.б)




# Еркіндіктің ұлы хартиясы

Еркіндіктің ұлы хартиясы әлеуметтік-саяси қайшылықтардың терен шиеленісүінен кейін пайда болды, олар тәждің көптеген теріс пайдалану жағдайларынан туындаған. Хартияның дереу қабылдануының алдында король мен ағылшын барондары арасындағы кең ауқымды қақтығыс болды, оны барлық еркін таптар қолдады. Жарғыны бекітуге мәжбүр болған Иоанн патша көп ұзамай оны жүзеге асырудан бас тартқанына қарамастан, кейіннен оның ішіндегі бірқатар ережелерін басқа ағылшын монархтары бірнеше рет растады. Қазіргі уақытта хартияның төрт бабы күшінде қалды, соған байланысты ол Ұлыбританияның кодификацияланбаған конституциясының ең көне бөлігі болып танылды.



Gettyimages  
Stephen Chernin

Бастапқыда Еркіндіктердің ұлы хартиясы консервативті сипатқа ие болды: ол өз баптарының көпшілігінде әдеттегі феодалдық құқықтың жалпыға танылған және қалыптасқан нормаларын біріктірді, ретке келтірді және нақтылады. Алайда, феодалдық мүдделерді қорғау мақсатында хартия нормаларында бірқатар прогрессивті принциптер қолданылды - лауазымды адамдар әрекеттерінің заңға сәйкестігі, әрекет пен жазаның сәйкестігі, тек сот бойынша айыптау, меншікке қол сұғылмаушылық, елден кету және оған қайта келу және басқа да кепілдіктер. Ағылшын төңкерісін дайындау және жүзеге асыру кезінде Хартия саяси бостандық символының мәніне ие болды, британдықтардың корольдік деспотизмге қарсы күресінің символына айналды , Құқықтар туралы петициясының және басқа да конституциялық құжаттардың негізін қалады , ал оның ішіндегі ағылшын азаматтарының құқықтарының бұзылуына жол бермеу кепілдіктері кейінрек адам құқықтары институтының қалыптасуы мен дамуына әсер етті.




Құқықтық әдет-ғұрыптардың «жаңартылған» нормаларына негізделген «жалпы құқық» сословие-өкілдік кезеңіндегі экономиканың, қоғамның және мемлекеттің қарқынды дамуы жағдайында қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуге қабілетті емес еді. Осыған байланысты XV ғ. «жалпы құқықпен» қатар XIV ғасырда құрылған арнайы сот – «әділдік сотының» шешімдерінің негізінде «әділет құқығы» қалыптаса бастады.

Оның «Жалпы құқықтан» айырмашылығы, «әділеттік құқығы» құқықтық әдет-ғұрып нормаларының емес, құқық нормаларының басымдылығын мойындады, бірақ бір шарт бойынша - олар әділеттілік принципін сактау керек болды. Эйтпесе, сот тек осы қағиданы басшылыққа ала отырып, шешім шығарған. «Әділет құқығы» да, «жалпы құқық» да ағылшын құқық жүйесінің бірін-бірі толықтыратын екі құрамдас бөлігі болып табылады.



**Ортағасырда дүниеге келген мемлекеттің бірі - Орыс мемлекеті. Бұл мемлекеттің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Ортағасырлық Ресей мемлекеті мен құқығы үш кезеңге бөлінеді.**



# Қоғамдық - саяси күрілісі

- Тұрғындары жоғарғы ( феодал ) және тәуелді ( шаруалар) әлеуметтік топ тардан тұрды. Феодалдарды князьдар , барондар , дружинниктер , жергілік ті ақсүйектер , тиундар құрады.
- Қала орталығында детинец- мұнаралары бар және зенбірек орнатуға арналған орталық пен торг - сауда орталығы болды . Орыс қалалары князьдардың құзырында болды . Тәуелділер тобына смердтер , холоптар , закуптар жатты . Смердтің өз мүлігі , жер телімі болған . Смердтер сот істерін караганда князь казынасына баж салығы мен айыппұл төлеуге міндettі болды . Холоптар - куәгерлердің көзінше өздерін кожайынга саткан адамдар . Олардың закуп терден айырмашылықтары болды . Закуптер акшалай курал - сайман немесе жұмыс малын карызға алып кожайынға кіріптарлықка тускендер . зәбір көрген закуп князьга шағым айта алған .

# Мемлекеттік құрылысы

- Ежелгі Киев мемлекеті калыптаскан сәттен бастап XII ғ . дейін алғашқы феодалдық монархия ретінде өмір сүрді . Ежелгі Киев мемлекеті калыптаскан сәттен бастап XII ғ . дейін алғашқы феодалдық монархия ретінде өмір сүрді .
- Бастапқыда Киев князьдары тек Киев маңындағы жерлерді басқарды. Жана жерлерді жауладап багындырган Киев князьдары тайпа орталықтарында әскери гарнизондарын орналастырды . Елді баскаруда Киев княздері не посадниктер , велостелдер , тиундар және баска экімшілік екілдері жәрдемдесті. Ұлы Киев князі ең алдымен маңызды шешімдерді ез маңындағы ірі феодалдар ( боярлар ) , князь жаксыларынан құралған феодалдық кенестің келсімімен бірлесе отырып қабылдалап отырды.Думцы деп атаған.

# Жергілікті князьдар

Киев Русі аймақтарын жергілікті жерлерде үстемдік құрған тайпалық князь әулеттері басқарды. Олар Киев князінің қуаты мен билігін мойындап, өз өлкесінен жиналған салықтың бір бөлігін беруге әрі қажет уақытта әскер жіберуге тиісті болды. Осы қызметі үшін Киев князі жергілікті князьдарың жарылқаушысы болды.

Святослав князь бастаған әрекетті X ғ. аяғында Владимир Святославович жалғастырды. Владимир реформалары бойынша жергілікті тайпа князьдарының дербес билігі тоқтатылды. Олардың мұддесі Киев мұддесіне сәйкес бола бермеді. Аймақтық автономия жойылды.



# Әскер жасағы

## Ол негізінен басты уш бөлімнен тұрды:


1. Ұлы княздің, жергілікті княздар мен феодалдардың дружиналары;
2. Халық жасақшылары;
3. Жалдамалы әскерлер.

Мемлекеттің әскери үйімы анағұрлым күшіне түсті. Жауға қарсы жорыққа шығарда қатардағы қауым мүшелерінен жауынгерлер жиналды. Жасақ – атты әскер сапында, ал жауынгерлер жаяу әскер сапында соғысты. Орыстар шебер, айлакер, батыл жауынгерлер болды.

# Шіркеу

Ертедегі орыс мемлекетін нығайту бағытындағы жүргізілген шаралар арасында князь Владимир Святославович кезінде (980-1015) княздік үкімет аппараты нығайтылды.

- Ол сот пен жазалау істерін жүргізу үшін барлық қалаларға өзінің наместниктерін отырғызды.
- 988 ж. Владимир орыстарды шоқындырды.
- Христиан дінін қабылдағаннан кейін князьдар мен шіркеу иелері барлық жерлерде сәулетті храмдар мен әшекейлі монастырьлар сала бастады.
- Христиан дінін енгізу Киев Русінде жазу - сызу мен сауаттылықтың таралуына себепші болды.
- Дін арқылы орыстарға Византияның мәдени жетістіктері тарала бастады.
- Рұсystің шоқындырылғаннан кейінгі халықаралық жағдайы нығайды.



# Сот жүйесі

## «Орыс шындығында» (Русская правда) айтылған:

- ✓ Сот функцияларын князьден баска жергілікті әкімшілік өкілдері - посадники, волостелдер атқарды.
- ✓ Киев Русінде вотчиналық соттардың қалыптасу процесі де жүрлі. Ол ірі жер иеленушілердің соты болатын. Вотчина дегеніміз феодалдың меншікті өз қалауынша билеуі болып табылады. Оны мұраға калдыруға, сатуға және кепілге, сыйлыққа беруге болатын. Вотчиналар, әдетте, ірі феодалдарға - князьдерге, бояларға, монастырьларға қарады.
- ✓ Киев Русінде қоғамдық соттар да болды. Бірак ол кең тарай қоймаған еді.
- ✓ Шіркеу соты функциясын епископтар, метрополиттер аткарды. Монахтарға байланысты істерді архимандрит аткарды. Шіркеу соты негізінен дінге катысты мәселелер, неке - отбасылық катынастар, сикырлық пен арбаушылық, пүтка табынушылық сиякты істерді қарады.

# Ежелгі Киев Русінің құқығы

Алғашқы қауымдық құрылыш кезіндегі шығыс славяндардың ішкі қарым-қатынасы мен тәртібін реттеуші құрал – әдет-ғұрып болды. Біртіндеп рулық құрылыштың жекелеген әдettері әдет құқығының нормаларына айнала бастады. Ол мемлекет тарапынан танылып, қуатталып, құқықтық нормалар жүйесін құрады. Шығыс славяндардың ең ежелгі құқық нормаларына қанды кекті жүзеге асыру тәртібін реттейтін, кейбір процессуалдық әрекеттер, мысалы, ант беру, ордalia (Құдай соты бойынша әртүрлі сынақтан өту), қуәнің жауабын бағалау тәртібі сияқты нормалар.

# Меншік құқығы

«Орыс шындығының» басты міндегі жеке меншікті қорғау болды. Оны қорғау процесінің күшейе түскені «Орыс шындығының» нормаларында нақты көрініс тапты.

Мысалы, «ықшам шындық» нұсқасы бойынша айыппұл мөлшері ұрланған малдың түрі мен санына байланысты есептелетін болса, ал «ауқымды шындық» нұсқасының нормалары бойынша қылмыстың жасалған жеріне (мал жабық корада, сарайда немесе далада, жайылымда) байланысты айыппұл мөлшері айқындалады. «Орыс шындығы» өз нормаларында жерге феодалдық меншіктің нығаюына көп көңіл бөлді. Сонымен қатар шаруалар көтерілісіне себепші болатын феодалдық қанаудың дәрекі формаларына шектеу де қойып отырды.

# Мұрагерлік құқығы

Ежелгі Руссте жеке меншіктің орнығуына байланысты мұрагерлік құқық қалыптасып дамыды. Меншік иелерінің бірнеше ұрпақтары жинақтаған байлық бір әuletтің қолына шоғырланды. Мұрагер болып тек ұл балалар есептелді. Эке шаңырағы еш бөлініске түспей түгелімен кіші ұлдың қолына көшетін. 911 жылы Русстің Византиямен жасалған шарты бойынша егер ұл балалары болмаса меншік өлген адамның аға інілеріне аудысатын болды. Князьдық биліктің күшеюіне байланысты қайтыс болған адамның мұлігі егер ұлдары болмаса князге өтетін. Бұл тәртіптің бояр мен друдиниктерге қолданылуында өзгешелік болды. Олардың мұлігі, меншігі ұлдары болмаған жағдайда қыздарына мирасқа қалдырылатын еді. Мұрагер ер жеткенше мұрагерлік мұлікті олардың анасы ұстады. Егер ол екінші рет тұрмысқа шықса, онда жас балаларға ең жақын туыстардан қамқоршы белгілейтін. Мұлік куәгерлер көзінше қамқоршыға берілетін. Ол өз міндетін атқарғаны үшін мұрагерлердің меншігінен түскен табысты пайдалана алады.

# Қылмыс пен жаза

Ежелгі Киев заң ескерткіштерінде қылмысты жалпылама түрде «обида» деп атаған.

Қылмыстық құқық бұзушылық пен азаматтық құқық бұзушылық онша ажыратылмаған болатын.

- 1. Князьдің өз басына , билігіне және мүлігіне , оның беделіне , арына нұқсан келтіру жатты;*
- 2. Шіркеуге қарсы қылмыстар;*
- 3. Адамның жеке басына қарсы қылмыстар;*
- 4. Отбасына, адам арына қарсы бағытталған қылмыстар көрсетілді.*

Жазаның негізгі түрі қанды кек, кейін ол айыппұл (штраф) және өтемақы (компенсация) төлеумен алмастырылды . Айыппұл князьге , ал өтемақы зәбір көруші тарапқа берілді . Ен ауыр айыппұл жазасы vira болды. Ежелгі орыс құқығы жүйесінде адамды өлім жазасына кесу, дene мүшелерін зақымдау сияқты жазалар қолданылмаған. Бірақ олар шіркеу соты арқылы біршама ерте қалыптасты.

Сот процесінде жарыспалылық, сайыссөз ұstem болды. Процеске сотта пайда болған жанжалдар мен даулар ісіне мүдделі адамдардың белсене араласуына мүмкіндік берілді.

Судья сот процесінде делдал міндетін атқарды. Князь билігіне қарсы қылмысты анықтап, ашу, тергеу процесі арқылы жүргізілді. Іздестіру - тергеу ісі шіркеу соттарында да қолданылды.

# **Феодалдық бытыраңқылық және моңғол билігі дәуіріндегі орыс мемлекеті мен оның құқығы**

## **12 дербес аймақтарға бөлшектеніп кетті :**


1. Ростов – Сузdalь;
2. Муром;
3. Рязань;
4. Смолен;
5. Киев;
6. Переяслав;
7. Галич – Волын;
8. Чернигов;
9. Полоцк – Минск;
10. Турово – Пинск;
11. Тмутаракан ;
12. Новгород жері.

Бұлардың ішіндегі ең ірі үш аймак - Владимир - Сузdalь , Галич-Волын және Новгород пен Псков феодалдық республикалары дараланып шыкты . XII ғ . Русьте 119 жаңа қала пайда болды .

# Ростов - Сузdalь ( Владимир - Сузdalь ) , Галич - Волын князьдіктерінің және Новгород пен Псковтің қоғамдық - саяси құрылышы және құқығы



**Вече.** Галич-Волын княздігінде халық жиыны - вече тұрақты билік органы болмады. Оны князь бен боярлар өз биліктерін нығайту үшін пайдаланды. Мысалы, князь Даниил жергілікті боярларды бағындырып, олардың қарсылығын тоқтату үшін әлденеше рет вече шақырган.



# Феодалдық съездер

Галич - Волын князьдері 1097 ж.  
Любичте, 1101 ж. Уветичте өткен жалпы  
орыстық съездерге де қатысып отырған.


Сонымен қатар Галич - Волын  
княздігінде жергілікті съездер де  
шақырылған. Алайда олар өте сирек, тек  
княздік билеу құқығы мен шетел  
шапқыншылығынан қорғану үшін  
шақырылған.



# Боярлық дума

Опричнина кезінде боярлық дума маңызы төмендеді, бірақ оны жоя алмады.

Б.Годунов қайтыс болған соң Боярлық думаның рөлі уақытша өсті. 1610 ж. түрлі бояр топтарының арасындағы күрес салдарынан бар билікті Бояр думасы өз қолына алды. Бояр думасы патша жанындағы кеңесші орган болды. Оның құрамына жоғарғы аксүйектер кірді. Бояр думасының құзырына маңызды ішкі және сыртқы саясат, әкімшілік, сот аппаратын қадағалау жатты.



# Земдік соборлар

Ол мемлекеттің жаңа жоғарғы органы болды.

Патшалар оған сүйеніп, Бояр думасына қарсы өз саясатын жүргізді. Земдік соборлар

патшаға ірі шараларды - соғыс ашу, жаңа табыс көзін енгізу үшін қажет болды. Оның

құрамында патша, Бояр думасының

мүшелері және дінбасылар енді. Земдік собор мүшелерінің саны тұрақты болмады.

Саны ең көп, 700-800 адамнан тұратын земдік собор 1613 ж. шетел басқыншылары қуылған соң шақырылып, онда 16 жасар Михаил Романов патша тағына отырды.



# XV-XVII ғғ. Орыс мемлекеті мен құқығы

- Ресейде сословиелік-өкілдік монархия орыс князьдерінің орталықтандырылған мемлекетті нығайту күресі нәтижесінде құрылды;
- Ресей мемлекеті Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын, Украинамен қосу арқылы ұлғайды;
- Тұрғындардың негізгі әлеуметтік топтары: феодалдардан, боярлардан, дін иелерінен және оларға тәуелді шаруалардан, холоптардан, посадниктерден тұрды;
- Сословиелік-өкілдік монархия құрылуымен Ресей монархының дәрежесі мен мемлекеттік аппарат өзгерді, жаңа сословиелік-өкілдік орган пайда болды;
